«Қазақстан халқына»
қоғамдық қорының

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Qazaqstan
halqyna



2024

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТІҢ МАЗМҰНЫ

Қордың қызметі туралы....3-5 бет

Қамқоршылық кеңес төрағасының алғы сөзі....6 бет

Қор төрайымының алғы сөзі....7-8 бет

Қамқоршылық кеңес....9-10 бет

Қор басқармасы....11-12 бет

Ұлттық қайырымдылықтың I-конференциясы....13 бет

Ұлттық қайырымдылықтың II-конференциясы....14 бет

Ұлттық қайырымдылықтың III-конференциясы....15-22 бет

Қайырымдылық көрсетушілерден түскен көмек қаржы....23-25 бет

Краудфандинг (қаражатты мақсатты жинау)....26 бет

Қордың мақсатты капиталы (Эндаумент)....27 бет

Қор жанындағы сараптама комитеттері....28-32 бет

Қордың басты оқиғалары....33-46 бет

Өңірлерде көрсетілген қайырымдылық көмек....47-249 бет

Өтінімдердің талдауы....250-256 бет

Көрсетілген қайырымдылық көмек....257-258 бет

Қордың бағдарламалары/жобалары....259-342 бет

Сайт бойынша нұсқаулық....343-353 бет

Қордың қызметін ақпараттық сүйемелдеу....353-356 бет

2024 жылғы қаржы есебі....357-359 бет



Қасым-Жомарт Тоқаев
Қазақстан Республикасының Президенті

«Қазақстан халқына» қоры қызметінің толық ашықтығын, қоғамға есеп беруін және қоғам бақылауында болуын қамтамасыз етеміз. Қордың жоспарлары, бюджеті, жобалары сайтта жарияланатын болады.
Барлық ақпарат ашық болады.

«Қор жеке және мемлекеттік көздерден қаржыландырылады. Халықаралық қайырымдылық ұйымдарының көмегін тарту жоспарланып отыр.

Бұл қорға лотерея операторынан, бәс тігуді есепке алу орталығынан және басқа да монополисттерден міндетті жарналар түседі.

Біз Қорға ірі бизнес тарапынан қомақты әрі тұрақты, нақтылап айтамын, тұрақты аударымдар жасалуын күтеміз».

2022 жылғы 11 қаңтарда Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде сөйлеген сөзінен үзінді

ҚОРДЫҢ МИССИЯСЫ

Азаматтарда әлеуметтік әділеттілік сезімін нығайту.

ҚОРДЫҢ ПАЙЫМЫ

Қор – қоғамдық құндылықтарға қол жеткізу жолында қайырымдылық саласына ірі жеке капиталдың құйылуын тұрақты қамтамасыз ететін қайырымдылық және қаржылық донорлық экожүйенің драйвері

ҚОРДЫҢ МАҚСАТТАРЫ

Қордың қызметіндегі негізгі мақсаттар:

1. Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларында атаулы қайырымдылық көмек көрсету.
2. Азаматтардың рухани, танымдық және өзге де гуманистік қажеттіліктерін қалыптастыру және қанағаттандыру үшін қоғамдық денсаулық, білім беру, ғылым, мәдениет, өнер, ағарту салаларындағы қайырымдылық жобаларды серіктестермен бірлесіп іске асыру.
3. Елде қайырымдылық мәдениетін дамыту, қоғамның, бизнестің және мемлекеттің қайырымдылыққа сенімін нығайту, қайырымдылық саласындағы барлық субъектілердің ымыра-бірлігін күшейту.

Qazaqstan halqyna

ҚОРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ БАҒЫТТАР

1. Елдегі аса маңызды қажеттілік пен инновацияға сай денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау ұйымдарын функционалдық жабдықтармен және құрал-сайманмен материалдық-техникалық жарақтандыруға көмек көрсету.

2. Азаматтарды бейресми оқытуды кеңейтуге, атап айтқанда, кәсіби кадрлардың біліктілігін арттыруға, балалар мен жастарға қосымша білім беруге, ересектердің өздігінен білім алуына жәрдемдесу.

3. Халыққа әлеуметтік қызмет көрсетудің қолданыстағы жүйелері, құралдары мен процестерінің тиімділігін арттыруға қатысу, оның ішінде КЕҰ әлеуметтік жобаларды іске асырудағы сәтті тәжірибелерін кеңінен тарату.

4. Екі бағыт бойынша әлеуметтік инновацияларды қолдау және енгізу:

- Қолданыстағы шешімдерге қарағанда тиімдірек, пәрменді, тұрақты әрі әділетті, әрі одан туындайтын құндылықтар жекелеген тұлғаларға емес, ең алдымен бүкіл қоғамға тиесілі болатын жаңа шешімдерді қолдау;
- Емдеудің инновациялық әдістерін қолдау.

5. Жекелеген азаматтарға мақсатты көмек көрсету:

- Медициналық көмектің қажетті түрлері елде көрсетілмеген жағдайларда Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу;
- Ауыр дертті және адам өміріне немесе науқастың жағдайына қауіп төндіретін дерт түрлерін емдеу мақсатында мемлекет тарапынан қамтамасыз етілмейтін дәрі-дәрмектерді сатып алу.

6. Төтенше жағдайлар кезінде кешенді көмек көрсету.

ҚОРДЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

1. Дербестік 2. Бейтараптылық 3. Айқындық 4. Оңтайлылық

ҚОРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

1. Әсер ету тұрақтылығы. Қор тұрақты және жүйелі түрде қолдау көрсетуге ұмтылады.

2. Жауапкершілік таныту. Қор тарапынан іске асырған жобалар Қордың қаржылық қолдауынсыз да сәтті жүзеге асырылуы керек.

3. Ішкі дамуға басымдық беру. Қор өзінің қызметін елдегі тиісті салаларды дамытуға бағыттайды. Бұл ретте Қор елге үздік технологияларды тарту және адами капиталды дамыту бағытына қаржы бөледі.

4. Ақпарат және коммуникация. Қордың әр шешімі ақпаратқа, деректерге және білімге сүйеніп қабылданады. Қоғамдық пікір Қорды дамыта түсуге септігін тигізетін басты фактор.

5. Технологияны барынша қолдану. Қор цифрлық технологияларды енгізуге, жұмыс процедураларының бірізділігі мен оның сабақтастығына, сондай-ақ шығындарды, уақыт пен басқа да ресурстарды оңтайландыруға ерекше назар аударады.

6. Ғылымға сүйену және сараптамалық қоғамдастықпен өзара әрекеттесу.

7. Мүдделер қайшылығын басқару. Қор оның құрылтайшыларын (қатысушыларды), басқару органдарының мүшелері мен Қордың басқа да лауазымды тұлғаларын Қор қаражатынан қаржыландыруға жол берілмейді деген ұстанымда.

8. Қайырымдылық жасаушының презумпциясы. Қор қайрымдылық қаражатының шығу тегі жайлы сұрастырмайды және қайырымдылық жасаушы жайлы, оның қызметіне қатысты пайым-пікір ұсынбайды.

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ



Қайырбек Шошаңұлы Сүлейменов
«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Құрметті әріптестер, серіктестер мен қайырымдылық жасаушылар!

Қамқоршылық кеңес – Қордың басқару органы ретінде өзінің миссиясын іске асыру жолында қайырымдылық көмекті тұрақты әрі жүйелі түрде қамтамасыз ету, сондай-ақ қайырымдылық қызметтің стратегиялық бағыттарын дамыту мен нығайтуды берік ұстанады.

Бүгінде Қордың сарапшылық деңгейі жоғары, ел ауқымында ұзақ мерзімді әлеуметтік маңызға ие әрі тыңғылықты әзірленген қайырымдылық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруда тәжірибесі мол.

Қорда өңірлерде денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларында заманауи, сапалы және басқа да қайырымдылық көмекке қатысты қоғамның нақты қажеттілігін анықтауға мүмкіндік беретін өңірлердің аналитикалық онлайн картасы жасалған.

Көрсетілген қайырымдылық көмектің нәтижелерін бағалауға ерекше назар аударылады. Қорда бағдарламалар мен жобаларға бақылау және мониторинг жүргізетін онлайн жүйе әзірленген. Қамқоршылық кеңес Қор қызметінің ішкі және сыртқы аудитін күшейту бағытында белсенді жұмыс жүргізуде. Аса өзекті мәселелерді жан-жақты талдап, ұсыныстар әзірлеу үшін Қамқоршылық кеңеске қарасты Аудит комитеті құрылған.

Қор өз қызметінің ашықтығын және есептіліктің жалпыға ортақ стандарттарын қамтамасыз ету саясатын ұстануды жалғастыруда. Қордың қызметі жайлы барлық ақпарат көпшілікке қолжетімді. Бұл ақпарат Қордың ресми сайтында, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларда жарияланып отырады.

Қамқоршылық кеңес атынан елдегі қайырымдылық қызметті дамытуға үлес қосып отырған әріптестерге, серіктестерге және қайырымдылық жасаушыларға зор алғысымды білдіремін.

ҚОР ТӨРАЙЫМЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ



Ләззат Алтынбекқызы Шыңғысбаева
«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының
Басқарма төрайымы

Құрметті әріптестер, серіктестер мен қайырымдылық жасаушылар!

2024 жыл Қордың қызметін дамытудағы жаңа кезеңді айқындаған жыл болды. Алғаш рет мәдениет саласына қатысты толыққанды жобаны – ауылдық кітапханалар базасында заманауи комьюнити-орталықтар құруды көздейтін «jana Club» бастамасын іске қостық. Пилоттық жоба Батыс Қазақстан облысында жүзеге асырылды. Бұл бастама өңірлерде мәдени ортаны жандандырумен қатар, ауыл тұрғындарының білім алуына, бос уақытты тиімді өткізуіне әрі өзара байланыс орнатуына мүмкіндік беретін кеңістікті қалыптастыруға септігін тигізеді.

Ауылдық елдімекендерде, моноқалалар мен шағын қалаларда спорт инфрақұрылымын дамыту өткен жылы Қор қолға алған маңызды бағыттың бірі болды. 2024 жылы жылдам салынатын модульдік спорт залдарын орнатуға арналған 13 орынның арасынан Қор 9 орынды бекітті. Қор жыл сайын 100 ауылдық спорт залын жабдықтау туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар, медициналық және әлеуметтік оңалту жағдайларын жасауға қатысты Қордың стратегиясын жаңарттық. Серіктестер мен жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған 8 аудандық оңалту орталығы ашылды. Аталмыш орталықтар жақын маңдағы ауыл тұрғындарына да барынша қолжетімді болмақ. Бұл бағыттағы жұмыс 2025 жылы да жалғасын табады. Осылайша, 2024 жылы Қор әлеуметтік қолдау, мәдениет пен спорт салаларында ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру жұмысын бастады.

Білім беру саласына қатысты айтар болсақ, білім беру жүйесін дамытатын тиімді модельдерді анықтауға бағытталған пилоттық жобаларды жалғастырдық. Бұл білім беру жүйесін жетілдірудің оңтайлы жолдарын табуға мүмкіндік береді.



ҚОР ТӨРАЙЫМЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

Бұл ретте ауылдық аумақтарға қолдау көрсету Қор жобаларындағы басты басымдық болып қала бермек. Негізгі донорлар - еліміздегі қала құраушы ірі кәсіпорындары өкілдерінің қатысуымен өткен 2024 жылғы Ұлттық қайырымдылықтың III конференциясында «Шағын қалалар – үлкен мүмкіндіктер» бастамасын ұсындық. Бұл бастаманың мақсаты – өңірлерді дамытудың жүйелі тәсілдерін қолдану және белсенді түрде жергілікті бизнесті тарту арқылы нақты елдімекендердегі халықтың өмір сүру сапасын арттыру.

Атап өтерлік жайт, аталмыш конференцияда ірі бизнес өкілдерімен тиімді диалог алаңын құрдық. Біз Қор қызметіндегі жобалардың ауқымдылығы мен тұрақтылығы жеке донорлардың елеулі қолдауына тікелей байланысты екенін жақсы түсінеміз. Тұрақты аударымдар жасау қажеттілігіне қатысты Мемлекет басшысының сөздері нақты істе көрініс табуы жолында Қор бизнес-қоғамдастықпен әріптестікті нығайтуды жалғастырып келеді.

Игі құндылықтарға ортақтас болып, қайырымдылық саласына үлес қосып жүрген баршаңызға айтар алғысымыз зор. Әр адамның дамуына мүмкіндік жасау жолындағы игі істерді бірлесіп жалғастыра бермекпіз.

Qazaqstan halqyna

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС



Қайырбек Сүлейменов

Қамқоршылық кеңес төрағасы
(24.06.2024 ж. қайта сайланды),
Қамқоршылық кеңес мүшесі
(15.01.2022 ж. бастап),
«Атамекен» ҮКП Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің төрағасы,
Халық қаһарманы



Зәуреш Аманжолова

Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары
(24.06.2024 ж. қайта сайланды)
Қамқоршылық кеңес мүшесі
(01.06.2022 ж. бастап),
м.ғ.д., «Акушерлік, гинекология және перинотология ғылыми орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің төрайымы



Эльмира Әлиева

Қамқоршылық кеңес мүшесі
(15.01.2022 ж. бастап),
«Help Today» ҚҚ төрайымы



Бақыт Байғалиева

Қамқоршылық кеңес мүшесі
(15.01.2022 ж. бастап)
«Орфандық аурулары бар науқастарға көмек көрсету қауымдастығы» ЗТБ құрылтайшысы



Ирина Смирнова

Қамқоршылық кеңес мүшесі
(15.01.2022 ж. бастап),
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты



Олжас Құдайбергенов

Қамқоршылық кеңес мүшесі
(15.01.2022 ж. бастап),
«Center for strategic initiatives» консалтинг компаниясының аға серіктесі



Владислав Трифонов

Қамқоршылық кеңес мүшесі,
(15.01.2022 ж. бастап)
«Жизнь без границ» ҚБ өкілі



Иван Сауэр

Қамқоршылық кеңес мүшесі
(01.06.2022 ж. бастап)
«Родина» АФ ЖШС бас директоры,
Қазақстанның Еңбек Ері

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС



Бану Нұрғазиева

Қамқоршылық кеңес мүшесі
(16.01.2023 ж. бастап),
«Қазақстан Азаматтық Альянсы»
ЗТБ президенті



Абай Байгенжин

Қамқоршылық кеңес мүшесі
(30.01.2023 ж. бастап),
«Ұлттық ғылыми медициналық
орталығы» АҚ Басқарма төрағасы



Ләззат Жүнісова

Қамқоршылық кеңес мүшесі
(11.03.2024 ж. бастап),
«Хабар» Агенттігі» АҚ Басқарма
Төрағасының бірінші орынбасары



Серік Сейдуманов

Қамқоршылық кеңес мүшесі
(22.01.2024 ж. бастап),
ҚР ҒжЖБМ ҒК Философия, саясаттану
және дінтану институтының
бас директоры,ҚР ҰҒА академигі

Қамқоршылық кеңес - Қор қызметінің оның жарғылық мақсаттарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады және Қордың қайырымдылық қызметінің стратегиялық бағыттарын, Қордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын, оның бюджетін, есеп саясатын бекіту жөнінде шешімдерді қабылдайды, Басқарма құрамын айқындайды және Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерін, ішкі аудиторды тағайындайды, Қордың сыртқы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындайды, Қордың жылдық есебін бекітеді.

2024 жылы Қамқоршылық кеңестің 21 отырысы өткізіліп, онда 94 мәселе қаралып, тиісті шешімдер қабылданды:

- Жалпы сомасы 51,2 млрд. теңгені құрайтын 27 қайырымдылық бағдарлама мен жоба бекітілді;
- Қордың Жарғысына, Қордың Басқарма туралы ережесіне, сондай-ақ Қордың қызметін реттейтін ішкі құжаттарға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар бекітілді;
- «Қазақстан халқына» ҚҚ-ның 2023 жылғы жылдық қаржылық есептілігі, «Қазақстан халқына» ҚҚ-ның 2023 жылғы жылдық есебі бекітілді, Қордың 2024 жылғы 1-ші жартыжылдықтағы қызметі туралы есебі қаралды;
- Қордың 2025 жылғы әкімшілік бюджеті, 2025 жылға арналған аудит жоспары бекітілді;
- Кадрлық шешімдер қабылданды (Қамқоршылық кеңес мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін тоқтату, Қамқоршылық кеңес төрағасы мен Төраға орынбасарының өкілеттіктерін ұзарту, Ішкі аудит қызметінің басшысын тағайындау);
- Қордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобалары бойынша Басқарманың мониторингтік есептері, Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есептері қаралды.

ҚОР БАСҚАРМАСЫ

қордың атқарушы басқару органы



Болат Бидахметұлы Жәмішев
Басқарма төрағасы



Ләззат Алтынбекқызы Шыңғысбаева
Басқарма төрағасының орынбасары



София Серікбайқызы Айсағалиева
Басқарушы директор –
Қордың Басқарма мүшесі

2024 ЖЫЛЫ ҚОР БАСҚАРМАСЫ

47 ОТЫРЫС ӨТКІЗІП,

263 МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ.

ҚОР БАСҚАРМАСЫ

қордың атқарушы басқару органы



Ләззат Алтынбекқызы Шыңғысбаева
Басқарма төрайымы



София Серікбайқызы Айсағалиева
Басқарма төрағасының орынбасары



Серікбек Кеңесбекұлы Елшібеков
Басқарушы директор –
Қордың Басқарма мүшесі

Қор Басқармасының

2025 жылғы 1 ақпаннан бастап өзгерген құрамы


«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҰЛТТЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ I КОНФЕРЕНЦИЯСЫ (2022)

2022 жылғы 1 шілде мен 16 қыркүйек аралығында «Қазақстан халқына» Ұлттық қайырымдылықтың I-ші конференциясы өтті. Конференция жұмысының екі жарым айында коммерциялық емес ұйымдармен және сарапшылар қауымдастығымен 48 онлайн zoom-кездесулер өткізілді, оған 1 173 КЕҰ өкілдері және 149 сарапшы қатысты. Қордың ірі донорларымен 13 жеке сұхбат жүргізілді.

Еліміздің барлық өңірінде дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, жергілікті және атқарушы органдардың өкілдерімен, өңірлердегі мемлекет және қоғам қайраткерлерімен, басқа да азаматтық белсенділермен кездесулер өткізілді. Кездесу қорытындысы бойынша Қор мен еліміздің барлық өңірлерінің әкімдіктері арасында ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

Конференция аясында 2022 жылдың шілде-тамыз айларында КЕҰ өкілдері арасында сауалнама жүргізіліп, жалпы сауалнамаға 1 041 респондент қатысты.





- Қордың Тұжырымдамасы жаңартылды

  Тұжырымдамада Қордың миссиясы, пайымы, қағидаттары мен құндылықтары айқындала түсті.

- Қордың Проспектісі бекітілді

  Қор Проспектісінде 233 ұсыныс 42 бөлімге жинақталды. Сонымен қатар «Үкіметке үндеу» және «Конференцияның қорытынды отырысының декларациясы» қабылданды.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҰЛТТЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ II КОНФЕРЕНЦИЯСЫ (2023)

2023 жылғы 15 тамыз бен 4 қазан аралығында «Қазақстан халқына» Ұлттық қайырымдылықтың II-ші конференциясы өтті. Конференция барысында сарапшылар мен азаматтық сектор өкілдерінің қатысуымен 21 онлайн кездесу ұйымдастырылып, бұл кездесуге 1000-нан аса қадам қатысты.

Еліміздің барлық өңірінде дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, жергілікті өкілді және атқарушы органдармен, өңірлік мемлекеттік және қоғам қайраткерлерімен кездесулер өтті. Конференция аясында 2023 жылғы шілде-тамыз айларында КЕҰ өкілдері арасында мониторингтік сауалнама қайта жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан жалпы респонденттер саны – 1318 адам.





Сауалнама нәтижелері Қор қызметінің өзектілігін растады

- сауалнамаға қатысқандардың 65% -ы Қор жұмысынан хабардар (2022 жылы 52%);
- респонденттердің басым бөлігі (69%) Қордың қайырымдылық саясатына көңілі толатынын айтқан, бұл 2022 жылғы (53,1%) көрсеткіштен 30%-ға жоғары;
- респонденттердің 66%-ы Қордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын өзекті деп санайды.

Өңірлер картасы әзірленді

Әр өңір бойынша Қордың қызметін айқындайтын, Конференцияда қабылданған қорытынды құжат.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҰЛТТЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ III КОНФЕРЕНЦИЯСЫ (2024)

- III Конференция Астана қаласында 2024 жылғы 2 қазанда дәстүрлі біркүндік форматта өтті.
- Конференция «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамымен бірлесіп өткізілді.
- Конференцияға тұрақты даму және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын белсенді түрде енгізіп отырған еліміздегі ірі компаниялардың топ-менеджерлері қатысты.



- «Қазақстан халқынан» қайырымдылық сыйлығы бекітілді
- «Шағын қалалар – үлкен мүмкіндіктер» тұжырымдамасы әзірленді

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҰЛТТЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ III КОНФЕРЕНЦИЯСЫ (2024)

I ПАНЕЛДІК СЕССИЯ

Тақырыбы: Қор, бизнес және жергілікті билік серіктестігі.

Спикерлер:

1. Жақыпов Н.Қ., «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы
2. Жәмішов Б.Б., «Қазақстан халқына» ҚҚ басқарма төрағасы
3. Шаяхметов С.Б., «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Тұрақты даму жөніндегі директоры
4. Рахматуллаев Д.Р., «Еуразиялық Топ» ЖШС бас директорының орынбасары (ERG)
5. Шеваловский И.А., «Solidcore Eurasia» ЖШС бас директорының орынбасары

II ПАНЕЛДІК СЕССИЯ

Тақырыбы: Корпоративтік серіктестіктіктің келешегі

Спикерлер:

1. Ли Сяньцзюй, «Азия Газ құбыры» ЖШС бас директорының орынбасары
2. Нұрахметов К.Н., «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» Астана қ. өкілдігінің басшысы
3. Паскаль Бастиен, «KATKO» БК ЖШС бас директоры
4. Толықбаев С.К., AITAS холдингінің құрылтайшысы
5. Қошпанова Ж.Б., «Шеврон» компаниясының қоғаммен байланыс жөніндегі кеңесшісі





«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҰЛТТЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ III КОНФЕРЕНЦИЯСЫ (2024)

Конференция аясында «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры «Қазақстан халқынан» ұлттық қайырымдылық сыйлығын бекітті.

«Қазақстан халқынан» сыйлығы елімізде қайырымдылықты дамытуға елеулі үлес қосқан адамдар мен ұйымдарға табысталады.

«Қазақстан халқынан» сыйлығы зор мағынаға ие. Сыйлықтың шыны стелласында безендірілген жүрек пен бионикалық қол - қайырымдылықтың ғылым, жаңа технологиялар мен өнертабыстағы жетістіктердің байланысын білдіреді. Бұл байланыс өз кезегінде адамдардың өмір сүру сапасын жақсартатынын, армандарды орындауға, мәңгілік құндылықтарды дәріптей отырып, жаңа құндылықтарды қалыптастыруға, жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуге жол ашатынын аңғартады.

«Қазақстан халқынан» сыйлығының атауы – қайырымдылық жасаушылар мен көмек алушылардың арасындағы тығыз байланысты бейнелейді.



«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҰЛТТЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ III КОНФЕРЕНЦИЯСЫ (2024)

Ерекше қайырымдылық қолдау сыйлығы

ERG Тобы

Бұл елеулі қайырымдылық көмек көрсеткені үшін берілетін марапат. ERG Тобы Қорға 30 млрд теңге көлемінде ең ірі қаржылай қайырымдылық жарна аударған компания.

ERG Тобының бұл қайырымдылық қолдауы келесі ірі бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға мүмкіндік берді:

1. Ауыл елдімекендердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту;
2. Білім беру саласындағы арнайы мектеп ұйымдарын жарақтандыру;
3. Орфандық дерті бар науқастарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету;
4. «ҚН Оңалту орталықтары»;
5. «ҚН Аудандық оңалту орталықтары»;
6. Болашақ инженерлері.

Қайырымдылықтағы Стратегиялық альянс сыйлығы

“Казақмыс” Корпорациясы

Қордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын іске асыруға тиімді және белсенді қатысқан бизнес өкілдеріне берілетін марапат.

«Қазақмыс» корпорациясы Қордың бағдарламалары мен жобаларын қолдаумен қатар, Солтүстік Қазақстан облысында болған төтенше жағдайдың салдарын жою бағытында бірлесіп жұмыс істеу бастамасын ұсынды.

«Қазақмыс» корпорациясы көрсеткен қолдаудың нәтижесінде келесі ірі қайырымдылық бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылды:

1. ҚН Денсаулық жолы;
2. Ауыл елдімекендердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту;
3. Білім беру саласындағы арнайы мектеп ұйымдарын жарақтандыру;
4. ҚН Жаздық жолдама;
5. Су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға «Бірлік» шағын ауданында тұрғын үй салуға қайырымдылық көмек көрсету.





Қайырымдылық мақсаттарға бейілділік сыйлығы

Қазақстан Халық Банкі

Тұрақтылық пен қайырымдылық мақсаттарға адалдығы үшін берілетін марапат. Қазақстан Халық Банкі – «Қазақстан халқына» Қорының қайырымдылықпен айналысатын барлық іскер серіктестері арасында қайырымдылық көмек көрсетуді екінші рет ірі көлемде жүзеге асырған жалғыз серіктес компания.

Халық Банкі 2022 жылы «Қазақстан халқына» Қорының жарғылық қызметіне және 2024 жылғы сәуірде су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету мақсатында қайырымдылыққа ірі көлемде қаражат бөлді.Халық Банкінің қолдауымен Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласындағы «Болашақ» шағын ауданында су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға жаңадан 32 тұрғын үй салынды. Қазақстан халық Банкінің қолдауымен келесі ірі бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылды:

1. «Coursera» – қазақ тілінде»;
2. QH Нейрохирургиялық қызметті дамыту жобасы.

Қайырымдылықтағы серіктестігі үшін сыйлығы

Solidcore Resources тобы

Нақты бір елдімекендерді жүйелі түрде дамытуға бағытталған бастамаларды қолдағаны үшін берілетін марапат. Solidcore Resources тобы Қостанай облысының Жітіқара қаласы мен Абай облысының Әуезов кентінде спорттық ангарлар салу ісіне жан-жақты атсалысып, қаржылай, ұйымдастыру және материалдық тұрғыдан қолдау көрсетті.





«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҰЛТТЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ III КОНФЕРЕНЦИЯСЫ (2024)

Аймақтың игілігі үшін сыйлығы

Қызылорда облысының әкімдігі

Өңірде жан-жақты әрі тиімді ынтымақтастық жасағаны үшін берілетін марапат. Қызылорда облысы әкімдігі Қор қызметіне әкімшілік және ұйымдастыру тұрғысынан қолдау көрсетумен қатар, бірқатар бағдарламаларды бірлесіп қаржыландыруға атсалысты.

Әкімдіктің қолдауымен облыста келесі бағдарламалар сәтті жүзеге асырылды: Медициналық ұйымдарды офтальмологиялық скрининг жүргізуге және шала туған нәрестелердің ретинопатиясын емдеуге қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету; «ҚН Аудандық оңалту орталықтары» жобасы аясында Жаңақорған ауылында және Арал қаласында оңалту орталықтарын ашу.

Білім беруді дамытуға тұрақты түрде қосқан үлесі үшін сыйлығы

Білім беруді тұрақты дамыту қоры

Білім беру саласындағы елдегі ең ірі қайырымдылық бағдарлама - Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін арттыру бағытындағы жобаны Білім беруді тұрақты дамыту қоры жүзеге асыруда. Aitas.kz тобы Білім беруді тұрақты дамыту қорының сенімді әрі тұрақты Қамқоршысы. Аталмыш бағдарламаның барлық әкімшілік және ұйымдастыру жұмыстарына қатысты шығындарды толықтай Aitas.kz тобы қамтамасыз етуде.





«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҰЛТТЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫҢ III КОНФЕРЕНЦИЯСЫ (2024)

Инклюзивті қоғамды дамыту сыйлығы

«Қамқорлық» қоры

Баршаға қолжетімді және барынша инклюзивті қоғам құруға қосқан үлесі үшін берілетін марапат. Қазақстанда алғаш рет «Қамқорлық» корпоративтік қорының бастамасымен балалар арасында мүгедектіктің алдын алуға бағытталған ерте араласу орталықтары құрылған.




Шабыттандыратын қайырымдылық жасаушы

Талғат Асқарұлы Кенжеболатов

Бұл тұрақты түрде қайырымдылық көмек көрсеткені үшін жеке тұлғаға берілетін марапат. Талғат Асқарұлы Кенжеболатов үш жыл қатарынан, 2022-2024 жылдар аралығында Қорға тұрақты түрде қайырымдылық қаражат аударып келе жатқан жеке тұлға.

Осы аралықта Талғат Асқарұлы жалпы сомасы 1 331 650 теңгені құрайтын 301 ақшалай аударым жасаған. Ол көмек қаражатты ай сайын, кейде апта сайын, тіпті бірнеше күн қатарынан аударып отырған.



«ШАҒЫН ҚАЛАЛАР – ҮЛКЕН МҮМКІНДІКТЕР» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Конференция аясында Қор шағын және моноқалалардағы әлеуметтік саланы дамытуды көздейтін «Шағын қалалар – үлкен мүмкіндіктер» бастамасын ұсынды. Конференцияның барлық қатысушысы тарапынан бастама кең қолдау тапты. «Шағын қалалар – үлкен мүмкіндіктер» тұжырымдамасы, оны жүзеге асырудың алгоритмі әзірленді әрі бекітілді, онымен қоса Тұжырымдама аясында ауқымын кеңейтуге дайын Қордың басымдық берілген бағдарламалары мен жобалары анықталды:

1. Модульдік үлгідегі спорт ангарларын салу (Дене шынықтыру және спорт);
2. Кітапханалар мен басқа да мәдени нысандарда қоғамдық орталықтар құру (Мәдениет және бос уақытты ұйымдастыру);
3. Аралас үлгідегі оңалту орталықтарын ашу (Әлеуметтік қорғау және қолдау).

- Қор денсаулық сақтау мен білім беру салаларына қатысты жобаларды да қосымша ұсынуға және қарастыруға дайын. Тұжырымдама аясында шағын қалалар ретінде моноқалалар, орта деңгейдегі қалалар және әлеуметтік жауапкершілігі жоғары бизнесі бар, тұрақты дамып келе жатқан ірі ауылдар қарастырылады.
- «Шағын қалалар – үлкен мүмкіндіктер» тұжырымдамасы – бұл қысқа уақытта жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мен жаңғыртудың дайын алгоритмі.
- Қор жергілікті билік пен бизнеске әріптестіктің нақты моделін ұсынады: ол қолданыстағы әлеуметтік нысандарды толықтыру мен заманауи жабдықтармен жарақтандырудан бастап (жөндеу жұмыстары жергілікті атқарушы органдар тарапынан жүргізіледі) әлеуметтік нысандарды жаңадан салуға дейінгі әріптестік. Жергілікті бизнес тарапынан қаржылай қолдау көрсетілген жағдайда, өңірлердің дамуына сапалы әрі нәтижеге қысқа уақытта қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, жобаны толық жүзеге асыруды Қор өз жауапкершілігіне алады.

«Шағын қалалар – үлкен мүмкіндіктер» тұжырымдамасы – өңірдегі бизнестің олардың қызметкерлері тұратын және жұмыс істейтін қалалардың әлеуметтік тұрғыдан өркендеуіне барынша атсалысуына бағытталған.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨРСЕТУШІЛЕРДЕН ТҮСКЕН КӨМЕК ҚАРЖЫ

Жалпы 2022-2024 жж.: 252,1 млрд. теңге

2022 жылы: 131,8 млрд. теңге

2023 жылы: 64,9 млрд. теңге

2024 жылы: 55,5 млрд. теңге

Оның ішінде:

45 963 729 430 теңге
«Самұрық-Қазына» АҚ

1 448 204 865 теңге
«Сәтті Жұлдыз» АҚ

8 010 361 959 теңге
Су тасқынынан зардап шеккендерге көмек ретінде бағытталған мақсатты қаражат

33 706 019 теңге
Басқа да жеке және заңды тұлғалардың жарнасы

2022 жылғы түсімдер туралы есеп

2023 жылғы түсімдер туралы есеп

2024 жылғы түсімдер туралы есеп

ҚОРҒА СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ ҮШІН ТҮСКЕН МАҚСАТТЫ ҚАРАЖАТ

(көмек ауылдық жерлерде тұрғын үйлер салу арқылы көрсетіледі)

8 010 361 959 теңге

Су тасқынының салдарын жоюға жиналған қаражат

Оның ішінде:


- Қазақмыс корпорациясы
- Итемгенов Қ.Ш.
- Қазақстан Халық банкі
- Сербия Республикасының үкіметі
- Мыңбаев А.С.
- ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті
- Нұрсұлтан Назарбаев қоры
- Mabco Constructions S.A.
- B & A Contractors SA
- Исткомтранс
- «ДОСТАР» компаниясы
- KBI Energy Group
- Отау-Строй
- Басқа да заңды (303 заңды тұлға) және жеке (1100 жеке тұлға) тұлғалар

2024 ЖЫЛДЫҢ 1 СӘУІРІ МЕН 31 ТАМЫЗЫ АРАЛЫҒЫНДА «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНА СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК РЕТІНДЕ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДАН КЕЛГЕН ТҮСІМДЕР


ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕР БОЙЫНША ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨРСЕТУШІЛЕРДЕН ТҮСКЕН КӨМЕК ҚАРЖЫ

100 млн теңгеден жоғары қаражат аударған ірі жеке донорлар

252 115 958 432 теңге 2022 - 2024 жыл



55 456 002 173 теңге 2024 жыл



QAZAQSTANHALQYNA.KZ САЙТЫНДАҒЫ
«ДОНОРЛАР» БӨЛІМІ

КРАУДФАНДИНГ (ҚАРАЖАТТЫ МАҚСАТТЫ ЖИНАУ)

Халық арасында қайырымдылық мәдениетін дамыту мақсатында 2023 жылғы шілдеде «Балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездермен қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша краудфандинг кампаниясы іске қосылды. Үш банктің арнайы QR-коды және банктік қосымшалар арқылы Бағдарламаға мақсатты жарналарды жіберу мүмкіндігі қамтамасыз етілді. Арнайы постер әзірленіп, бейнеоролик жасалды.

Краудфандинг кампаниясына ақпараттық қолдау көрсеткен компаниялар:

- Астана қ. әуежайында қол жүгіне орам жасайтын «Pack&Fly» компаниясы. Қол жүгінің сыртындағы әр техникалық орамға QR-кодтар көрсетілген постер жабыстырды.
- Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы. Әуежай ғимаратының ішіндегі жекелеген нысандарда тейбл-токерлер орналастырылды.
- QR-код көрсетілген тейбл-токерлер Шымкент қаласындағы «Global Coffee» кофе желісінде орналастырылды.
- «CoffeeDay» кофе желісі Бағдарламаның QR-коды көрсетілген 20 000 стакан дайындап шығарды. Астана қаласындағы кофе желісінде QR-код тейбл-токерлер мен X-стендерде орналастырылды.



7 711 862,03 теңге

2023 жылғы 01 шілдеден 2024 жылғы 31 желтоқсан аралығында жеке тұлғалардан келген түсімдер

500 000 000 теңге

Aibyn Group компаниясынан Бағдарламаға түскен мақсатты жарна





Бағдарламаға түскен түсімдердің есебі

ҚОРДЫҢ МАҚСАТТЫ КАПИТАЛЫ (ЭНДАУМЕНТ)

Қамқоршылық кеңестің 2023 жылғы 30 қаңтардағы шешімімен құрылған «Endowment Qazaqstan Halqyna» мақсатты капиталды (эндаумент) басқару жөніндегі компания» корпоративтік қоры 2024 жылы келесі бағыттағы жұмыстарды қамтамасыз етті:

1. Қор Басқармасының 2023 жылғы 24 мамырдағы шешімімен, «Қазақстан халқына» ҚҚ Білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасын ұзақмерзімді қаржыландыру мақсатына көзделген 9 700 000 000 теңге көлеміндегі Қордың мақсатты капиталын (эндаумент) басқару.

2. Қор мен Корпоративтік қор арасында 2023 жылғы 5 шілдеде жасалған Сенімгерлік шартқа сәйкес, «Қазақстан халқына» ҚҚ Білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасына қатысты әкімшілік жұмыстарды жүзеге асыру.

- 2024 жылғы қаңтарда «Endowment Qazaqstan Halqyna» корпоративтік қоры, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі оқу ұйымдарымен және Қордың грант иегері атанған студенттер арасында үшжақты 2 656 шарт жасалды.
- 2024 жылы 384 студент оқуын аяқтады.
- 2024 жылдың 4-тоқсанында «Endowment Qazaqstan Halqyna» корпоративтік қоры, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі оқу ұйымдарымен және Қордың грант иегері атанған бірінші курс студенттері арасында үшжақты 829 шарт жасалды.
- 2024 жылы «Endowment Qazaqstan Halqyna» корпоративтік қоры Қордың грант иегерлерінің барлығына ай сайынғы 40 000 теңге көлемінде шәкіртақы төледі (шілде және тамыз айларын есептемегенде).
  Жалпы шәкіртақыға төленген сома – 1 256 965 171 теңге.
- 2024 жылы «Endowment Qazaqstan Halqyna» корпоративтік қоры 2023–2024 оқу жылының екінші семестрі мен 2024–2025 оқу жылының бірінші семестрінің оқу ақысын төледі. Жалпы оқу ақысына төленген сома – 2 717 569 526 теңге.

САРАПТАМА КОМИТЕТТЕРІ

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры жанындағы сараптама комитеттері (бұдан әрі-Комитеттер) Қордың Басқармасы жанындағы қоғамдық негізде әрекет ететін, консультативтік-кеңесші органдар болып табылады.

Комитеттер ғылыми-зерттеу мекемелерінің сарапшылары қатарынан құрылады, оларға медицина (денсаулық сақтау), білім беру, спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар, әлеуметтік қамсыздандыру, сондай-ақ әртүрлі халықаралық/жергілікті және мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық және басқа ұйымдардың өкілдері жатады. Комитет құрамына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары және Қордың Қамқоршылық кеңесінің мүшелері кіре алады.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Басқармасының 2024 жылғы 07 тамыздағы (№ 29 хаттама) шешіміне сәйкес, келесі 3 сарапшылық комитет құрылған:

1. *медицина мәселелері жөніндегі;*
2. *әлеуметтік мәселелер жөніндегі;*
3. *білім беру, мәдениет және спорт мәселелері жөніндегі.*

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚҚ ЖАНЫНДАҒЫ МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША САРАПТАМА КОМИТЕТІ

1. **Авдеев Андрей Владиславович** - Комитет төрағасы, «Даму» ақпараттық технологиялар орталығы» ЖШС-нің талдамалық қолдау қызметінің басшысы

2. **Оразова Салтанат Нұрғожақызы** – Комитет төрағасының орынбасары, медицина ғылымдарының докторы, «Астана медициналық университет» КеАҚ №3 отбасылық медицина кафедрасының меңгерушісі

3. **Идрисова Жаннат Рүстемқызы** – «С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» АҚ жүйке аурулары кафедрасының профессоры

4. **Төлеутаев Мұхтар Есенжанұлы** – медицина ғылымдарының кандидаты, Астана қ. әкімдігінің «Көпсалалы медициналық орталығы» ШЖҚ МКК директоры

5. **Булабаева Гүлнар Ержанқызы** – «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» АҚ № 3 балалар онкологиясы /гематологиясы бөлімінің меңгерушісі

6. **Өленбай Ғабит Ільясұлы** – «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ нейрахирург дәрігері, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің балалар нейрохирургиясы бойынша штаттан тыс бас нейрохирургы

7. **Пак Алексей Михайлович** – «Ұлттық ғылыми медициналық орталығы» АҚ ішкі аурулар институтының директоры

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚҚ ЖАНЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ САРАПТАМА КОМИТЕТІ

1. **Бегалиева Захира Оңғарбайқызы**– Сараптама комитетінің төрайымы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кеңесшісі.

2. **Скуб Илья Васильевич** - Сараптама комитетінің хатшысы, Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы.

3. **Халденова Айгүл Төлегенқызы** – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ әлеуметтік саланы әдіснамалық қолдау департаментінің бас сарапшысы (Қазақстан), «Астана медицина университеті» КЕАҚ реабилитология және спорттық медицина кафедрасының ассистенті, «Қазақстандық медициналық-әлеуметтік сараптама қауымдастығы» ҚБ басшысы.

4. **Жекебаева Гүлзада Амантайқызы -** «AmanZhol и К» қоғамдық қорының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің инклюзивті қолдау орталығының жетекшісі-супервизоры, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен БҰҰ Даму бағдарламасы жанындағы «Мүгедектігі бар адамдарды кәсіби оңалту орталығының» үйлестірушісі.

5. **Шахаров Танат Орынбекұлы** – «Қазақстанның әлеуметтік жұмыскерлері қауымдастығы» ҚБ директоры.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ ЖӨНІНДЕГІ САРАПТАМА КОМИТЕТІ

1. **Ырсалиев Серік Азтайұлы** – Астана Халықаралық университетінің президенті, комитет төрағасы.

2. **Сапиев Серік Жұманғалиұлы** – паралимпиада спорт түрлерін дамыту бойынша вице-президент, төраға орынбасары.

3. **Ақтаева Күләйша Қабдолқызы** – Тұңғыш Президент музейінің директоры.

4. **Ақпамбетов Олжас Жомартұлы** – Ұлттық Паралимпиада комитетінің бас хатшысы.

5. **Алябьева Анна Розматовна** – Астана қ. Көркем гимнастика федерациясының вице-президенті.

6. **Жүкенов Жұмажан Қамкенұлы** – «2021-2023 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі жол картасын» сүйемелдеу жобалық кеңсесінің аға сарапшысы.

7. **Қанағатова Алмагүл Медихатқызы** – Global Nomad Education білім беру компаниясының директоры.

8. **Карамбаев Жомарт Петрович** – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің орта білім беру комитеті төрағасының орынбасары.

9. **Қарлығашев Азамат Қайратұлы** – «Қазақстан спортшылар одағы» РҚБ төрағасы.

10. **Қонтаев Сәбит Сейітұлы** – Қарағанды облысының білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының инклюзивті білім беру зертханасының ғылыми жетекшісі.

11. **Мұқышева Алмагүл Наурызбайқызы** – Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ауыл мектептерін және шағын жинақты мектептерді дамыту зертханасының меңгерушісі.

САРАПТАМА КОМИТЕТТЕРІ



«Қазақстан халқына» ҚҚ Әлеуметтік мәселелер жөніндегі сараптама комитеті



«Қазақстан халқына» ҚҚ медицина мәселелері жөніндегі сараптама комитеті



«Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру, мәдениет және спорт мәселелері жөніндегі сараптама комитеті

ҚАҢТАР АЙЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР

- Қарағанды қаласында дамуында ауытқуы бар және ауытқу туындау қаупі бар 3 жасқа дейінгі балалар мен олардың отбасыларына арналған ерте араласу орталығы ашылды.

- Психоневрологиялық аурулары және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған «Ақжол-М» оңалту орталығы (Алматы облысы, Талғар ауданы, Қызылқайрат ауылында) ашылды.

- «ҚН ҰҒОО-ны органдар трансплантациясын жасауға қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді.

- «ҚН «Білім-Инновация» лицейлерінің тәжірибесін Алматы облысының мектептерінде енгізу» жобасы аясында 2024 жылғы 22–26 қаңтар аралығында физика, химия және биология пәндерінің мұғалімдеріне оқыту семинары ұйымдастырылды. Аталмыш семинарға 400-ден астам педагог қатысты.

- Мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерге кешенді жағдай жасауға, олардың өмір сүру сапасын кинезотерапия және бейімделген спорт элементтері арқылы жақсартуға, психоэмоционалдық жағдайды көтеруге бағытталған «ҚН «Тұсау кесер» қайырымдылық жобасының 2-кезеңі (жобаның ауқымы 8 өңірге дейін кеңейтілді) бекітілді.

- «ҚН Балалар нейрохирургиясы қызметін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында 16 өңірдегі 18 медициналық ұйымға нейрохирургиялық операцияларға қажетті жабдықтар жеткізілді.

АҚПАН АЙЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР

- Қостанай қаласында аутизм және басқа да менталды бұзылуы (ауытқулары) бар балаларға арналған орталық ашылды.

- Петропавл қаласында дамуында ауытқуы бар және ауытқу туындау қаупі бар 3 жасқа дейінгі балалар мен олардың отбасыларына арналған ерте араласу орталығы ашылды.

- «ҚН Қарағанды облысында комбустиологиялық қызметті дамыту ҚН» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- «ҚН Қарағанды облысында пульмонология қызметін дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- 2024 жылғы ақпан мен мамыр аралығында Алматы облысының мектептерінде «Білім-Инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу» жобасына қатысатын 50 мектепте физика, химия және биология пәні мұғалімдеріне менторлық қолдау көрсетілді. Менторлар 600-ден астам сабаққа қатысып, әдістемелік сүйемелдеу жүргізді.

- «ҚН Балалар нейрохирургиясы қызметін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында 2 өңірдегі 2 медициналық ұйымға нейрохирургиялық операцияларға қажетті жабдықтар жеткізілді.

НАУРЫЗ АЙЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР

- Жезқазған қаласындағы «Ұлытау-Мейірім» қоғамдық қоры жанынан ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған орталықты жабдықтауға бағытталған «ҚН Ұлытау – Мейірім» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының мамандарының біліктілігін арттыру бағытында «ҚН Онкология қызметін дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- Ұлттық ғылыми онкология орталығының мамандарының біліктілігін арттыру бағытында «ҚН Онкология қызметін дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін арттыруға бағытталған «ҚН Тірек мектептерді дамыту» (2-кезең) қайырымдылық жобасы бекітілді. Жоба аясында қайырымдылық көмек моноқалалар мен ауылдық жерлерде орналасқан 56 мектепке ұсынылды.

- Ақмола облысының Степногорск қаласында жылдам салынатын модульдік спорт залдарын (ангар үлгісінде) орнатуға арналған «ҚН Спорт залдарын орнату» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- «ҚН Солтүстік Қазақстан облысындағы әлеуметтік қызмет көрсету нысандарын дамыту» қайырымдылық жобасы аясында СҚО әкімдігінің Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты 4 әлеуметтік қызмет көрсету мекемеге тұз шахталары (галокамералар) орнатылды.

- «ҚН Табалдырықтан табалдырыққа дейінгі қолжетімді орта» қайырымдылық жобасы аясында тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға кедергісіз ортаны қалыптастыру мақсатында Шымкент, Алматы және Астана қалаларындағы жалпы білім беретін мектептерге заманауи шынжыр табанды көтергіштер орнатылды.

СӘУІР АЙЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР

- «ҚН Денсаулық жолы» жобасы аясында онкологиялық скрининг жүргізу мақсатында цифрлық маммографиялық жабдығы, жоғары деңгейдегі ультрадыбыстық жүйесі мен компьютерлік томографы бар жылжымалы медициналық кешен Ақтөбе облысында жұмысын бастады.

- Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы 80 мектеп арнайы сатылы көтергіштермен жабдықталды.

- «Болашақ инженерлер» қайырымдылық бағдарламасы аясында мектеп оқушылары арасында робототехника мен ғылыми-техникалық шығармашылықты насихаттау мақсатында Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Жетісу облыстарында R:ED Fest ашық халықаралық робототехника және бағдарламалау фестивалінің аймақтық кезеңдері өткізілді.

- Жамбыл облысының Шу қаласы мен Бірлік ауылында жылдам салынатын модульдік спорт залдарын (ангар үлгісінде) орнату бағытында «ҚН Спорт залдарын орнату» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- Ұлытау облысының Сәтбаев қаласы мен Ералы ауылында жылдам салынатын модульдік спорт залдарын (ангар үлгісінде) орнату бағытында «ҚН Спорт залдарын орнату» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- «ҚН Балалар нейрохирургиясы қызметін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында 2024 жылғы сәуір, мамыр және маусым айларында 14 өңірдегі 15 медициналық ұйымға нейрохирургиялық құрал-жабдықтар жеткізілді.

МАМЫР АЙЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР

- Қостанай қаласында дамуында ауытқуы бар және ондай ауытқу туындау қаупі бар 3 жасқа дейінгі балалар мен олардың отбасыларына арналған ерте араласу орталығы ашылды.

- Қарағанды облысында кардиология қызметін дамыту бағытында «ҚН Кардиология қызметін дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- 10–14 жас аралығындағы ауыл мектептерінің 20 000 оқушысына қауіпсіз және жайлы жазғы демалысты қамтамасыз етуге бағытталған «ҚН Жаздық жолдама – 2024» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры жанындағы білім беру және мәдениет мәселелері жөніндегі сараптама комитетінің мүшелеріне «ҚН Алматы облысының мектептерінде «Білім-Инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу» және «ҚН Ауылдық тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобаларының нәтижелері таныстырылды. Сарапшылар Алматы облысы, Талғар ауданы Панфилов ауылының №17 жалпы білім беретін мектебіне, Сәкен Сейфуллин атындағы №2 мектепке, сондай-ақ Қарағанды облысы, Абай ауданының білім беру бөліміне қарасты Әлихан Бөкейхан атындағы тірек мектебіне (ресурстық орталық) барып, жұмыс нәтижелерін бағалады.

- «Болашақ инженерлер» қайырымдылық бағдарламасы аясында Абай облысы, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында R:ED Fest халықаралық робототехника және бағдарламалау фестивалінің облыстық кезеңдері өтті.

- 2024 жылғы 21 мамырда Қонаев қаласында «TechnoLab: ғылым әлеміне саяхат» атты оқушылардың зертханалық жұмыстар көрмесі өтті. Оқушылар жоба жетекшілерімен бірлесіп жасаған жұмыстың нәтижесі ретінде цифрлық датчиктер, компьютерлік техника және дидактикалық құралдарды қолданып әзірлеген зертханалық жобаларын ұсынды. Алматы облысының мектептеріне бұл жабдықтар «ҚН «Білім-Инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу» жобасы аясында жеткізілген болатын. Оқушылар жабдықтарды оқу процесінде қолдануға қатысты өздерінің шығармашылық қабілеттері мен практикалық дағдыларын көрсетті.

МАМЫР АЙЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР

- Қызылорда облысы, Аққыр және Досбол Датқа ауылдарында жылдам салынатын модульдік спорт залдарын (ангар үлгісінде) орнатуды көздейтін «ҚН Спорт инфрақұрылымын дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- «ҚН Шапағат Орал» қайырымдылық жобасы аясында Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты «Орал арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-не арнайы көтергіші бар автокөлік құралы жеткізілді.

- «ҚН Ұлттық ғылыми онкология орталығы онкология қызметінің мамандарын оқыту» қайырымдылық жобасы аясында орталықтың мамандары Германия, Жапония және Ресейдің жетекші клиникаларында оқытудан өтті.

- «ҚН Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты (ҚазОжРҒЗИ) онкология қызметінің мамандарын оқыту» қайырымдылық жобасы аясында институт мамандары Ресей Федерациясының Мәскеу қаласындағы жетекші клиникада оқытудан өтті.

МАУСЫМ АЙЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР

- Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында қажетті жабдықтар сатып алу арқылы егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған «ҚН Шапағат Жезқазған» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- Қарағанды облысының 86 мектебінде оқу-тәрбие үдерісіне құндылыққа бағдарланған оқытуды енгізуге, жаратылыстану-ғылыми пәндерді (физика, химия, биология) оқыту сапасын арттыруға бағытталған «ҚН «Білім-Инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- Солтүстік Қазақстан облысында су тасқынынан зардап шеккендерге Қор есебінен «Солнечный-2» (Бірлік) шағын ауданынан 100 тұрғын үй кілті табысталып, сондай-ақ «Қазақмыс» корпорациясының қаржысы есебінен 100 тұрғын үй берілді.

- Абай облысы, Аякөз ауданы, Қопа ауылында жылдам салынатын ангар үлгісіндегі модульдік спорт залын орнатуға бағытталған «ҚН Спорт инфрақұрылымын дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- Қарағанды облысында пульмонология қызметін дамыту бағытында «ҚН Пульмонология қызметін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында 7 медициналық ұйымға заманауи зерттеу жабдықтары жеткізілді, сондай-ақ Қарағанды қаласында респираторлық орталық құрал-жабдықтармен жарақтандырылды.

- «ҚН Ұлттық ғылыми онкология орталығы онкология қызметінің мамандарын оқыту» қайырымдылық жобасы аясында орталық мамандары Беларусь елінің жетекші клиникасында оқытудан өтті.

- «ҚН Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты (ҚазОжРҒЗИ) онкология қызметінің мамандарын оқыту» қайырымдылық жобасы аясында институт мамандары Испанияның жетекші клиникасында оқытудан өтті.

ШІЛДЕ АЙЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР

- Аягөз, Үржар және Жарма аудандарындағы арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін үш орталықты заманауи оңалту жабдықтарымен қамтамасыз ету бағытында, «ҚН Абай облысындағы арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында медицицналық-әлеуметтік оңалтуды дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- Арнайы мектеп-интернаттарда және Балаларды қолдау орталықтарында тәрбиеленіп жатқан балалардың бос уақытын ұйымдастыру, дене шынықтыруға бейімдейтін жаттығулардың өткізілуін қамтамасыз етуге бағытталған «ҚН Қарағанды және Ұлытау облыстарының арнайы мектеп-интернаттары мен балаларды қолдау орталықтарындағы тәрбиеленушілердің физикалық тұрғыдан дамуы» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- Қостанай облысы. Су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға Жангелдин ауданының Тәуіш ауылында 22 тұрғын үйдің және Қостанай ауданының Алтынсарын ауылында 21 тұрғын үйдің кілті табысталды.

- «ҚН Мүгедектігі бар балаларды үй жағдайында оңалту» қайырымдылық жобасы аясында Абай облысы мен Павлодар облысына оңалту жабдықтарының алғашқы жеткізілімі ұйымдастырылды.

- «ҚН Ұлттық ғылыми онкология орталығын орган трансплантациясын жасауға қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету» қайырымдылық жобасы аясында заманауи жоғары технологиялы медициналық жабдықтарды жеткізу үдерісі басталды. Сонымен қатар, осы салада жұмыс істейтін мамандардың құзыреттілігін арттыру жұмыстары қолға алынды.

ТАМЫЗ АЙЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР

- Қызылорда облысының Жаңақорған ауылында аудандық оңалту орталығы ашылды.

- 2024 жылдың жазында ауыл мектептерінде оқитын, жасы 10–14 аралығындағы, оқу, спорт, шығармашылықта жоғары жетістікке жеткен, мектеп өміріне белсенді атсалысқан оқушылар, сондай-ақ су тасқынынан зардап шеккен отбасылардың балалары «Жаздық жолдама – 2024» қайырымдылық жобасы аясында қала сыртындағы жазғы лагерьлерде демалды. Жоба аясында жалпы 20 000 бала қамтылды.

- Батыс Қазақстан облысы. Сырым ауданының Жымпиты, Бұлдыртты, Көздіқара және Өлеңті ауылдарында су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға 114 тұрғын үйдің кілті табысталды.

- Қостанай облысы. Амангелді және Көлқамыс ауылдарында су тасқынынан зардап шеккендерге 46 тұрғын үйдің кілті берілді.

- Ақмола облысы. Бұланды ауданы, Капитоновка ауылында бірпәтерлі 15 тұрғын үйдің кілті табысталды.

- Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Тәуіш ауылында жылдам салынатын ангар үлгісіндегі модульдік спорт зал орнату бағытында «ҚН Спорт инфрақұрылымын дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- Спортшы Видовский Ефрем Владимировичтің Үлкен теннистен Virtus Әлем чемпионатына қатысуы үшін спорттық киім мен қажетті жабдықтарды сатып алуға қайырымдылық көмек көрсетілді.

- «ҚазОжРҒЗИ» АҚ және ШЖҚ «Қарағанды қаласының №3 көпсалалы ауруханасы» КМК базасында заманауи, бағасы қымбат медициналық жабдықтар (электрондардың желілік үдеткіші және компьютерлік томограф) қолданысқа берілді.

- «ҚН Мүгедектігі бар балаларды үй жағдайында оңалту» қайырымдылық жобасы аясында Қызылорда облысы мен Шымкент қаласына оңалту жабдықтарының алғашқы жеткізілімі ұйымдастырылды.

- «ҚН Қарағанды облысында кардиология қызметін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында 6 медициналық ұйымға заманауи кардиологиялық аппараттар орнатылды.

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР

- Алматы облысының Кеген ауылында аудандық оңалту орталығы ашылды.

- Қарағанды облысында аутизм және басқа да менталды бұзылуы (ауытқулары) бар балаларға арналған орталықты жабдықтауға бағытталған «ҚН Қарағанды облысындағы балаларға арналған орталықты жабдықтау» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- Атырау облысы. Құлсары қаласында су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға 80 тұрғын үйдің кілті табысталды.

- Ақмола облысы. Жарқайың ауданы, Пригородное ауылында су тасқынынан зардап шеккендерге екіпәтерлі 15 тұрғын үй, Бұланды ауданы, Иванковка ауылында 20 екіпәтерлі және 1 бірпәтерлі тұрғын үйдің кілті табысталды.

- Солтүстік Қазақстан облыстық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Облыстық көпсалалы ауруханасы» КМК базасында заманауи, бағасы қымбат медициналық жабдықтар (электрондардың желілік үдеткіші және компьютерлік томограф) қолданысқа берілді.

ҚАЗАН АЙЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР

- Ақтөбе қаласында аутизм және басқа да менталды бұзылуы (ауытқулары) бар балаларға арналған орталық ашылды.

- Қарағанды қаласында орналасқан Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты «Қарағанды облысының балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-ні заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету арқылы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, мүмкіндігі шектеулі балалардың өмір сүру сапасын арттыруға, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік оңалту жүйесін жетілдіруге бағытталған «ҚН Үлес Қарағанды» қайырымдылық жобасы бекітілді.

- 2024 жылғы 27–28 қазан аралығында Астана қаласында облыстық олимпиада кезеңдерінің жеңімпаз атанған 500-ден астам оқушы қатысқан R:ED FEST республикалық робототехника олимпиадасы өтті.

- Ақмола облысы. Бұланды ауданының Журавлёвка және Вознесенка ауылдарында су тасқынынан зардап шеккендер азаматтарға бірпәтерлі 58 тұрғын үйдің кілті табысталды.

- Алматы қаласында пара пауэрлифтингпен айналысатын 5 спортшыны Panthera арбаларымен қамтамасыз етуге бағытталған «ҚН Қолжетімді спорт «Пара пауэрлифтинг» қайырымдылық жобасы бекітілді.

2	Аутизм және басқа да менталды бұзылуы (ауытқуы) бар балаларға арналған орталықтарды жабдықтау	20.05.2022, 24.07.2023	1 018 420,6
3	ҚН Оңалту орталықтары	27.02.2023	1 447 270,9
4	ҚН Аудандық оңалту орталықтары	29.05.2023 24.07.2023	4 583 024,4
5	ҚН Шалғайдағы шекара маңындағы Тарбағатай ауданында денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау нысандарын дамыту	10.07.2023	78 048,8
6	ҚН Дихан ауылындағы оңалту орталығы	14.08.2023	320 448,5
7	ҚН Жігер	23.10.2023	70 476,3 11
8	ҚН Қордай арнаулы әлеуметтік орталығы	20.11.2023	11 211,0
9	ҚН Мүгедектігі бар балаларды үй жағдайында оңалту	04.12.2023	4 589 721,9
10	ҚН Ұлытау - Мейірім	11.03.2024	6 875.0
11	ҚН Шапағат Жезқазған	10.06.2024	64 037.4
12	ҚН Шапағат Семей	03.04.2024	20 690
13	ҚН «Абай облысындағы арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында медико-әлеуметтік оңалтуды дамыту»	22.07.2024	26 833
14	ҚН «Қарағанды облысындағы аутизм және басқа да менталды бұзылуы (ауытқулары) бар балаларға арналған орталықты жарақтандыру»	16.09.2024	174 882,9
15	«ҚН Үлес-Қарағанды»	21.10.2024	156 417,4
16	ҚН «Түркістан облысындағы аутизм және басқа да менталды бұзылуы (ауытқулары) бар балаларға арналған орталықты жарақтандыру»	18.11.2024	174 882,9
Жалпы:			**14 687 226,10**


2024 ЖЫЛЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОТЕЗДІК-ОРТОПЕДИЯЛЫҚ БҰЙЫМДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

70 азамат протез алды

75 протез жасап шығарылды

18 бала 2024 жылы протез алды

283 953 274 теңге 2024 жылы протез жасауға кеткен сома







1 358 700 752 теңге 2022-2025 жылдар аралығында Қор 196 азаматты 213 протезбен қамтамасыз етті

ҚН – МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ОҢАЛТУ

1309-дан астам бала үй жағдайында оңалтуды жалғастыруға мүмкіндік алды

4 өңір

312 инновациялық техникалық оңалту құралы (ТОҚ) Қызылорда облысындағы балаларға беріледі

676 инновациялық техникалық оңалту құралы (ТОҚ) Шымкент қаласындағы балаларға беріледі

7 инновациялық техникалық оңалту құралының түрі (ТОҚ)

185 инновациялық техникалық оңалту құралы (ТОҚ) Павлодар облысындағы балаларға беріледі

136 инновациялық техникалық оңалту құралы (ТОҚ) Абай облысындағы балаларға беріледі

4 589 721 875 теңге

Бағдарлама бюджеті

1. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Әлеуметтік қорғау саласын дамыту жөніндегі ұлттық ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК
2. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
3. Пилоттық өңірлердің әлеуметтік қорғау және үйлестіру басқармалары
4. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (ПРООН)

4 2024 жылы жасалған келісімшарт саны

990 740 000 теңге

2024 жылы төленген сома

75-тен астам маман инновациялық оңалту құралын (ТСР) таңдауға қатысты арнайы оқытудан өтті

ҚН – МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ОҢАЛТУ

Пилоттық жоба аясында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Әлеуметтік қорғау саласын дамыту ұлттық ғылыми орталығы» РМҚК-нің филиалдары мүгедектігі бар балаларға Қор тарапынан ұсынылған үздіксіз оңалту бағдарламасын жүзеге асыру үшін баланың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған сапалы, тиімді және қауіпсіз техникалық оңалту құралдарын қамтамасыз етеді.

Орташа дәрежедегі мүгедектігі бар балаларға бастапқыда оның жағдайы мен дағдыларына байланысты 2 ай мерзімге вертикализатор немесе жүруге қажетті құралдар таңдалады. Одан кейін 1 ай мерзімге жаттығу аппараты беріледі.



Алдыңғы тіректі вертикализатор



Алдыңғы және артқы тіректі вертикализатор



Артқы тіректі вертикализатор



ҚН – МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ОҢАЛТУ

Ауыр дәрежедегі мүгедектігі бар балаларға оңалту 4 айға дейінгі мерзімге көпфункциялы бейімделген орындықтарды беру арқылы басталады.
Одан кейін баланың жағдайын динамикалық түрде қарап, баланың жағдайы бағалағаннан кейін 2 айға вертикализатор беріледі, 2 айдан кейін басқа түрдегі вертикализаторға ауыстырылып, қажет болған жағдайда жаттығу тренажері ұсынылады.



Көпфункциялы орындық-арбаның BeMe моделі



Көпфункциялы орындық-арбаның Hilow дөңгелекті Кимба моделі



Артқы тіректі вертикализатор



Алдыңғы және артқы тіректі вертикализатор



Алдыңғы тіректі вертикализатор



Оңалту жаттығу тренажері

ҚН – МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ОҢАЛТУ

Ғылыми орталықтың филиалдары:

- Техникалық көмекші құралдар (ТҚК) келісімшарт негізінде, белгілі бір мерзімге үйде пайдалану мақсатында балалардың ата-аналарына тегін беріледі.
- Ата-аналарға Техникалық көмекші құралдарды (ТҚК) дұрыс пайдалану бойынша оқыту жүргізіледі.
- Отбасына Техникалық көмекші құралдарды (ТҚК) пайдалану кезеңінде және құралды филиалға қайтару кезінде де сүйемелдеу қамтамасыз етіледі.
- ТҚК-ны сараптамадан өткізіп, талаптарға сәйкес келтірген соң, оны басқа балаға пайдалануға беру туралы қорытынды шығарылады және/немесе техникалық жөндеуге жіберіледі.

IV–V деңгейдегі балалар 9–10 ай ішінде үй жағдайында оңалтудан өтеді.
III даму деңгейіндегі балалар 6–7 ай ішінде техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етіліп, үйде жаттығу жасау мүмкіндігіне ие болады.



ҚН – МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ОҢАЛТУ


















«ТҰСАУ КЕСЕР»: 2-КЕЗЕҢ (ЖОБАНЫҢ АУҚЫМЫН 8 ӨҢІРГЕ КЕҢЕЙТУ)

8 өңір: Астана, Алматы, Шымкент, Ақтау, Атырау, Өскемен, Петропавл, Семей


19 тренер бейімделген спорт түрінен оқытудан өтті

8 зал жабдықталды

226 бала 8 өңірде бейімделген спорт түрімен айналысуда

70 095 000 теңге

2024 жылғы қаржыландыру сомасы



«ТҰСАУ КЕСЕР»: 2-КЕЗЕҢ (ЖОБАНЫҢ АУҚЫМЫН 8 ӨҢІРГЕ КЕҢЕЙТУ)

СЕРІКТЕС

JAS JAÝYNGER
BEYIMDEU SPORT ORTALYǴY

Физикалық сауықтыру клубына бару және мотивациялық әдістерді, психологиялық қолдау мен киензотерапиялық тәсілдерді қолдана отырып, әлеуметтік бейімдеу — мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдердің өмір сүру сапасын жақсартады.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК АЛУШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІ

«ТҰСАУ КЕСЕР»: 2-КЕЗЕҢ (ЖОБАНЫҢ АУҚЫМЫН 8 ӨҢІРГЕ КЕҢЕЙТУ)

«Тұсау кесер» жобасы 2022 жылдан бастап еліміздің бес қаласы - Астана, Алматы, Шымкент, Семей, Атырауда жүзеге асырылып келеді. 2024 жылдан бастап жоба қосымша үш қалада - Петропавл, Ақтау және Өскеменде іске асырылуда.

«Жас жауынгер» сауықтыру-спорттық клубы» қоғамдық қорының жетекшісі – Бәйімбетов С.Б.

Еліміздің барлық өңірндегі ерекше балалардың ата-аналары «Жас жауынгер» клубының жұмысына ризашылығын білдіруде. Клубта ерекше қажеттіліктері бар балаларға (церебральды сал ауруы, Дауна синдромы, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, психикалық дамудың кешеуілі және т.б.) арналған авторлық оқыту әдістемесі бар. Балалар бейімделген бокс, күрес, армрестлинг спорт түрлерімен айналысады. 2024 жылы «Жас жауынгер» клубы ерекше балалармен қатар, денсаулығында кінәраты жоқ балаларға бірдей қолдануға болатын жаңа ARM-BACK спорт түрі мен арнайы құралын әзірлеп, бұл әдіске патент алған. Аталмыш спорт түрі иық белдеуі, қол бұлшық еттері, арқа мен бел бөлігін нығайтуға көмектеседі, айта кетерлігі бұл спорт түрінен жарақат алу қаупі төмен. Авторлық әдістеме кинезиотерапия мен бейімделген жекпе-жек спорт түрін үйлестіре отырып, оң нәтиже көрсетуде. Ата-аналардың айтуынша, балалардың психо-эмоционалдық жағдайы, физикалық мүмкіндіктері, буын қозғалысы жақсарып, әлеуметтік бейімделу қабілеттері артқан.

2024 жылғы ақпанда 8 қаладан келген қатысушылар арасында үш салмақ дәрежесі бойынша алғашқы Республикалық ARM-BACK турнирі өткізілді. Бірінші орынды – Семей қаласының балалары, екінші орынды – Шымкент, үшінші орынды – Өскемен қаласынан келген балалар қанжығаға байлады. Балалар алғаш рет жарысудағы бәсекенің не екенін сезінуге мүмкіндік алды. Ата-аналар мен балалар бұл жаңа спорт түріне аса қызығушылық танытып отыр. 2024 жылғы мамырда «Жас жауынгер» клубының 25 ерекше баласы Түркияның Аланья қаласына демалуға барды. Ал маусым айында балаларға Бурабайда «Open air Бурабай 2024» тимбилдингі ұйымдастырылды. Бұл шараға «Жас жауынгер» клубының барлық 8 өңірінен балалар, ата-аналар мен жаттықтырушылар шақырту алды. Тимбилдинг аясында балалар мен ата-аналарға арнап спартакиада өткізілді.

2024 жылғы тамызда Шымкент қаласында ерекше балалар арасында өтетін республикалық «ARM-BACK Open air 2024» фестиваль-турнирін өткізу жоспарлануда. Сайысқа «Жас жауынгер» клубының 8 өңірінен балалар қатысады.







«ТҰСАУ КЕСЕР»: 2-КЕЗЕҢ (ЖОБАНЫҢ АУҚЫМЫН 8 ӨҢІРГЕ КЕҢЕЙТУ)



Мен, Әбденова Алма, Әбденов Тілеужанның анасымын. Ұлым «Жас жауынгер» сауықтыру-спорттық клубында жаттығады. Ерекше балаларымызға тамаша жағдай жасап отырған «Жас жауынгер» сауықтыру-спорттық клубын қолдағаны үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына ата-аналар атынан алғысымызды білдіреміз. Ұлымның орталыққа барғалы денсаулығы жақсарып, балам басқа да спорт түрлерімен айналыса бастады. Мұндай орталықтың барына ризашылығымызды айтып, барша көрсеткен қолдау үшін Қорға зор алғысымызды білдіреміз.



Мен — Варфоломеева Елена, Петропавл қаласында тұрамын. Ұлым Варфоломеев Даниил 13 жаста, диагнозы – аутизм. Ол «Жас жауынгер» сауықтыру-спорттық клубында жаттығады. Ерекше балаларды қолдап, балаларды назардан тыс қалдырмай, үнемі жанашырлық танытып жүрген «Қазақстан халқына» қорына аналық алғысымды білдіремін. Бұл – баға жетпес қолдау! ӨКІНІШКЕ ОРАЙ, барлық спорт клубтары ерекше балаларды қабылдауға дайын емес. Ал осы клубта жасайтын жаттығудың арқасында ұлымның денсаулығы жақсарып келеді. Себебі спорттағы дағдыларды игерумен қатар, балаларымыз кешенді емдік жаттығуларды жасап жаттығуда. Осы клубқа келгелі ұлым тәртіпке мән бере бастады, клубта д араласатын достары да бар. Осындай клубтар көбірек болса дейміз. Баршаңызға жетістік пен табыс тілейміз. Күшіміз бірлікте!

«ТҰСАУ КЕСЕР»: 2-КЕЗЕҢ (ЖОБАНЫҢ АУҚЫМЫН 8 ӨҢІРГЕ КЕҢЕЙТУ)



Мен, Сапиева Айнұр, ерекше бала — 10 жастағы Алпысов Набидің анасымын. Баламның екінші топтағы мүгедектігі бар, диагнозы — церебралды сал ауруы, ақыл-ойының дамуында кешеуіл бар. Ұлыма бейімделген спортпен айналысуға мүмкіндік беріп отырған «Қазақстан халқына» қорына шексіз алғысымды білдіремін. Қазір балам «Тұсау кесер – Жас жауынгер» жобасы аясында жаттығуларға қатысып жүр. Біз бұл орталыққа бір жылдан аса уақыт барамыз, оң өзгерістер байқалып,қозғалыс динамикасы жақсара түсті. Тәртібі, зейінділігі, жауапкершілігі, қызығушылығы артты. Жүрісі де сенімдірек бола түсті. Сөйлей бастады, мінезі де ашыла түсті.
Балама тұсау кесу рәсімі өткіздік, бұл әсерлі сәтте ерекше толқыдық. Осындай үміт ұялатып, сенім беретін, балалар мен ата-аналарды жігерлендіретін «Қазақстан халқына» сынды қорлардың бары қандай жақсы! Ерекше балаларымызға көрсеткен қолдауларыңыз үшін шын жүректен алғыс айтамын. Мұндай жобалар көбейе берсін, өркендей берсін!



Мен, Есполова Сарсенбибі, Ақтау қаласында тұрамын. «Тұсау кесер» жобасы іске асырыла бастаған сәттен ұлым Ринат Есбол «Жас жауынгер» сауықтыру-спорттық клубына бара бастады. Ұлым бұл орталыққа қуана барады, оның дамуында әрі ақыл-ойында айтарлықтай жетістіктер байқалады. Сондай-ақ, Ринат Азия чемпионатына қатысып, 3-орын иеленді. Өз жетістігі оны одан әрі ынталандыра түсті. Орталықта Ринаттың достары бар. Ерекше балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар атынан «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына көрсеткен көмегі үшін шын жүректен алғысымды білдіремін.



БІЛІМ БЕРУ

Білім беру және мәдениет салаларында Қордың жүзеге асырған бағдарламалары/жобалары

№	Қайырымдылық бағдарламаның/жобаның атауы	Бекітілген және өзгертулер енгізген күні	Бағдарламаның /жобаның құны (мың теңге)	Аяқталған күні
1	Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту	20.06.2022; 28.04.2023	20 000 000	жабдықтау кезеңі аяқталды
2	«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында басшылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру	04.10.2023	34 654,9	Басқарманың 29.04.2024 жылғы шешімі
3	Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту	12.06.2023	2 064 199	жабдықтау кезеңі аяқталды
4	ҚН Алматы облысының мектептерінде «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу	11.09.2023	1 542 520, 7	жабдықтау кезеңі аяқталды
5	Болашақ инженерлер	05.09.2022	680 400	ҚК 29.04.2024 ж. шешімі
6	ҚН Болашақ инженерлер моноқалаларда	10.07.2023	622 800	жабдықтау кезеңі аяқталды
7	ҚН Жаздық жолдама	15.05.2023	1 939 885,5	ҚК 29.04.2024 ж. шешімі
8	Арнайы мектеп білім беру ұйымдарын жарақтандыру	08.08.2022	2 764 000	жабдықтау кезеңі аяқталды
9	«Coursera» – қазақ тілінде»	16.01.2023 29.05.2023	853 569,6	мұрағатқа тапсыру сатысында
10	«Білімді ұрпақ – білімді ел» конференциясына қатысу үшін 4 студентке ұшу және тұру ақысын төлеу	11.05.2023	225,4	мұрағатқа тапсыру сатысында
11	Англия, Буши қ., Хартфордшайр, Перселла музыкалық мектебінде (Purcell school) оқу ақысын төлеу, сондай ақ демалыс күндері тұру және транспорттық (авиа) шығындарды төлеу	24.05.2023	18 502,4	мұрағатқа тапсыру сатысында
12	ҚН Жаздық жолдама - 2024»	13.05.2024 г.	2 254 396, 81	мұрағатқа тапсыру
Жалпы:			**29 062 531**	

Білім беру және мәдениет салаларында Қордың жүзеге асырған бағдарламалары/жобалары

№	Қайырымдылық бағдарламаның/жобаның атауы	Бекітілген және өзгертулер енгізген күні	Бағдарламаның/ жобаның құны (мың теңге)
1	Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту (2 кезең)	26.03.2024	14 000 000
2	ҚР Қарағанды облысындағы мектептерде «Білім-Инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу	24.06.2024	2 899 039,16
3	«Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары	26.04.2022,08.08.2022 10.10.2022, 16.01.2023 28.04.2023,12.06.2023, 08.04.2024	7 808 939,7
4	ҚР Қарағанды облысының қосымша білім беру ұйымдарында STEM-оқыту әдістерін енгізу	18.11.2024	705 109.3
Жалпы:			**24 914 874**

«ҚН АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ (2 КЕЗЕҢ)»

Жобаның мақсаты: ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайту арқылы аумақтық және әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтарды азайтуға жәрдемдесу, сондай-ақ еліміздегі үздік мектептермен тығыз серіктестік орната отырып, ауыл мектептеріндегі педагогтардың кәсіби дамуына тең жағдай жасау. Жобаға қатысушы ауыл мектептерін 3 шағын жинақты мектеп бекітілген тірек мектептер деңгейіне дейін дамыту.

Қайырымдылық көмек алушылар:

56 мектеп

41 193 оқушы

4469 педагог

13 773 472 594 теңге

мектептерді жарақтандыруға бөлінген сома

«ҚН АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ (2 КЕЗЕҢ)»

Әр тірек мектепті жабдықтаудың орташа құны 250 миллион теңгені құрайды және шамамен 30 оқу кабинетін, пәндік шеберханаларды және қосымша білім беру кабинеттерін (бастауыш сынып кабинеттері, химия, физика, биология, математика, қазақ, орыс, ағылшын тілдері және басқа да оқу кабинеттері, ұлдар мен қыздарға арналған шеберханалар, ART студиялар және STEAM зертханалары, робототехника), спорт залы, акт залы, асхана, рекреация аймағы және әдістемелік кабинетті жарақтандыру жұмыстарын қамтиды.







АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ

Серіктестер

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

ФОНД УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Nazarbayev Intellectual Schools NIS

Жобаның міндеттері:

- Білім сапасындағы аумақтық және әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтарды азайту.
- 79 ауыл мектебінің материалдық-техникалық базасын жақсарту.
- Ауылдық жерлердегі оқушылардың сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету.

ЖЕТКІЗУШІЛЕР

БАЗИСНЫЙ МАГАЗИН

Qurmet industry

Казинтертех СП

STEM ACADEMIA

АЛЬЯНС ТЕХНОСЕРВИС

CAES CENTRAL ASIAN EDUCATIONAL SOLUTIONS

STEM SOLUTIONS

Kerneu GROUP

POLYMEDIA

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК АЛУШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІ

АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК АЛУШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ,
ҚАРАСУ АУДАНЫ,
ОКТЯБРЬ АУЫЛЫ.

Балтабаева Замзагүл Қадырханқызы,
«Қарасу ауданын білім беру бөлімінің Октябрь жалпы білім беретін мектебі» КММ биология пәнінің мұғалімі

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасының аясында мектебіміз тек заманауи оқу жабдықтарымен қамтамасыз етіліп қана қоймай, мұғалімдердің кәсіби тұрғыда дамуы бағытында да жаңа мүмкіндіктер ашылды.

Заманауи үлгідегі жиһазбен, компьютерлік техникамен, интерактивті панельмен және зертханалық құрал-жабдықтармен жабдықталған жаңартылған биология кабинеті оқытуды жаңа деңгейге шығарды. Енді оқушылар тек теорияны меңгеріп қана қоймай, нақты эксперименттер жасап, зерттеу әдістерін үйреніп, алған білімдерін тәжірибеде қолдана алады. Биология пәні — оқулықтағы құрғақ фактілер жиынтығы емес, жанданған әрі қызықты ғылымға айналды.

Жоба аясында мұғалімдерге арнап өткен оқыту да маңызды рөл атқарды. Тәжірибеден өту, тренингтер мен семинарларға қатысу арқылы біз жаңа оқыту әдістемелерін меңгеріп, заманауи жабдықтармен жұмыс істеуді үйреніп, сабақтардың тиімділігін арттыру жолында цифрлық ресурстарды пайдалануды меңгердік. Енді біз білім берумен қатар, оқушыларды өздігінен жаңалық ашуға ынталандыратын интерактивті білім беру ортасын құрып отырмыз.



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ,
ШИЕЛІ АУДАНЫ,
ШИЕЛІ АУЫЛЫ.

Аманбай Нұрасыл Бауыржанұлы,
Ы. Алтынсарин атындағы №219 орта мектептің оқушысы

«Қазақстан халқына» қоры мен Білім беруді тұрақты дамыту қоры жүзеге асырып жатқан «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін арттыру» жобасы аясында менің мектебім танымастай өзгерді. Жаңа жиһаздар, заманауи техника мен зертханалық құрал-жабдықтар – мұның бәрі бізді оқуға ынталандырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

Бұрын тек оқулық арқылы ғана оқытылатын биология, химия және физика сабақтарында қазір түрлі тәжірибелер мен зертханалық жұмыстарды орындай аламыз. Робототехника мен STEM кабинеттері өз жобаларымызды жасап, түрлі байқауларға қатысуға үлкен мүмкіндік беріп отыр. Сабақтан тыс уақытта кітапханада және коворкинг орталығында уақытты пайдалы өткізіп, пікірсайыс, мәнерлеп оқу сынды қызықты шараларға қатысамыз.

Осындай үлкен өзгерістер мен мүмкіндіктер сыйлаған жоба ұйымдастырушыларына шексіз алғысымды білдіремін! Бұл қолдау – біздің жарқын болашағымызға жасалған маңызды қадам!

АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК АЛУШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІ



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ,
АРЫС ҚАЛАСЫ

Патаева Айнұр Тәжібекқызы
С.Адамбеков атындағы жалпы орта білім беретін мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылында біздің мектептің материалдық-техникалық базасы толық жаңартылды. Мұғалімдер Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мамандары өткізген семинарларда тәжірибе алмастыру мүмкіндігіне ие болды.

Мектепте 32 пән кабинеті, кітапхана, сондай-ақ дефектолог пен психолог кабинеттері жаңартылды. Жиһаздар жаңартылып, эргономикалық парта мен орындықтар орнатылып, мұғалімдер мен оқушылар үшін ыңғайлы оқу ортасы құрылды.

Физика, химия, математика, биология, география, информатика және жаратылыстану пәндерінің кабинеттері интерактивті панельдермен және заманауи зертханалық құралдармен жабдықталды. Еңбек сабақтарында ер балалар ағаш кесу мен слесарлық дағдыларды игерсе, қыздар тігін және аспаздыққа үйренеді.

Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу үшін үстел ойындары, шахмат және ыңғайлы жиһазбен жабдықталған демалыс аймақтары жасалып, бұл оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға және демалысты тиімді ұйымдастыруға септігін тигізеді.

Осы өзгерістердің бәрі – сапалы білім мен бәсекеге қабілетті тұлғаны дамытуға қосқан баға жетпес үлес.

«Білім – жарқын болашақтың кепілі!» Бұл қолдау бізді жаңа жетістіктер мен жан-жақты дамуға ынталандырады. Жобаның жүзеге асуына үлес қосқан барша жандарға айтар алғысымыз шексіз!

АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК АЛУШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ,
ҚАРАСУ АУДАНЫ,
ҚАЗАН АУЫЛЫ

Мельников Илья,
Қарасу ауданы білім бөлімінің «Октябрь жалпы білім беретін орта мектебі» КММ 10-сынып оқушысы

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасының арқасында мектебіміздегі оқу процесі қызықты әрі технологиялық тұрғыдан ілгері, ыңғайлы бола түсті.

Заманауи компьютерлер, интерактивті панельдер, зертханалық құрал-жабдықтар бізге мүлдем жаңа деңгейде білім алуға мүмкіндік беріп отыр. Физика және химия сабақтары жаңа құралдар мен материалдарды қолданып өткеннің нәтижесінде көрнекілік жағынан да, әрі тартымды да өтуде. Енді күрделі теориялық ұғымдарды практикада түсіну жеңіл – бәрін көріп, ұстап, сынап көруге болады.

STEM-зертханасы, ART-студиясы, телестудия – бұл кабинеттер оқу материалын жаңа қырынан қабылдауға ғана емес, шығармашылық қабілеттерімізді көрсетуге де жағдай жасайды. Әсіресе зертханалардың жабдықталуы үлкен әсер қалдырды: тәжірибелерді өткізу енді әлдеқайда ыңғайлы, қауіпсіз әрі қызықты болуда. Ал мектепте 3D-принтердің болуы біз үшін шынайы инновация болды – модельдер жасап, өз жобаларымызды жүзеге асыруға, инженерия мен дизайнды үйренуге ынталандырып отыр.

Сонымен қатар, мектеп жаңа кітаптар мен оқу материалдарымен толықты, олар біздің ой-өрісімізді кеңейте түсері сөзсіз. Үстел ойындары бар демалыс аймақтары достық атмосферасын қалыптастырып, оқуда ғана емес, өзара қарым-қатынаста да дамуға мүмкіндік береді. Сабақтар одан әрі қызықты әрі интерактивті өтуде, ал бізде өзін-өзі жүзеге асыруға көбірек мүмкіндіктер туды.

Осындай мектепте оқитынымды мақтан тұтамын, мұнда тек білім алып қана қоймай, идеяларды шындыққа айналдыра аламыз. Болашағымызға қосқан үлес үшін жобаға алғысымды айтамын!

ҚН «БОЛАШАҚ ИНЖЕНЕРЛЕР» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА «R:ED FEST» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РОБОТОТЕХНИКА ОЛИМПИАДАСЫН ӨТКІЗУ

Жобаның мақсаты: «Болашақ инженерлер» қайырымдылық бағдарламасына қатысатын мектеп оқушыларының робототехника мен бағдарламалау саласындағы алған білімдерін тексеру, шалғай ауылдар мен моноқалалардағы дарынды балаларды анықтау, инженерлік білім саласын танымал ету.

17 өңір

1 350 оқушы, облыстық олимпиадалардың қатысушылары

506 оқушы, республикалық олимпиаданың қатысушылары

215 жүлдегер 1, 2 және 3 орын иегерлер

3 833 128 теңге

Жоба бюджеті

Қосымша номинациялар:

- «Ең үздік инженерлік шешім»
- «Көрермендердің сүйіктісі»
- «Ең үздік олимпиада командасы»

ҚН «БОЛАШАҚ ИНЖЕНЕРЛЕР» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА «R:ED FEST» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РОБОТОТЕХНИКА ОЛИМПИАДАСЫН ӨТКІЗУ



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ,
МЕРКЕ ҚАЛАСЫ

Александрович О.В.
И.И.Трубицын атындағы №17 жалпы орта білім беретін мектебінің ақпараттық технологиялар пәнінің мұғалімі

«R:ED FEST» фестивалі алғаш рет өткізілсе де, біздің оқушылар үшін енді мұндай жарыстарға қатысу жақсы дәстүрге айналмақ. Біз мұндай шаралардың мектеп оқушыларының, әсіресе ауылдық өңірлерден шыққан балалардың, инженерлік және бағдарламалау дағдыларын дамытуда қаншалықты маңызды екенін көріп отырмыз.
Фестиваль жоғары деңгейде ұйымдастырылды: мұқият ойластырылған тапсырмалар әр қатысушыға өз қабілетін барынша ашуға мүмкіндік берді. Балалар тек жарысқа қатысып қана қоймай, елдің әр түкпірінен келген пікірлес достарымен тәжірибе алмасты.
«R:ED FEST» робототехника және бағдарламалау саласындағы негізгі оқиғалардың қатарында лайықты орнын алады деп сенемін.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ,
САРАН ҚАЛАСЫ

Ақшалақова А.Р.
№17 гимназия мектебінің ақпараттық технологиялар пәнінің мұғалімі

Мен, педагог ретінде, R:ED FEST олимпиадасын – тек жарыс қана емес, мықты білім беру жобасы деп санаймын.

Оқушылар командаларда жұмыс істеп, қалыпты жағдайдан тыс тапсырмаларды шешіп, түрлі өңірлерден келген әріптестермен құнды тәжірибе алады. Көптеген баланың бұл ауқымды шараға алғаш қатысуы, сондықтан бұл жоба олардың әрі қарай өздерін дамытып, білімдерін тереңдетуге үлкен серпін болды.
Тапсырманы сәтті орындағаннан кейінгі балалардың көздеріндегі от – олардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығының бірден-бір көрінісі болды.
Фестиваль өз маңыздылығын дәлелдеп, тәжірибе алмасуға және талантты жастарды тануға септігін тигізер бірегей алаң болғаны сөзсіз. R:ED FEST әрі қарай дамып, одан да көп мектеп оқушыларын қамтып, инженерлік пен бағдарламалаудың жаңа мүмкіндіктерін ашатын жоба болады деген үміттемін.

ҚН «БОЛАШАҚ ИНЖЕНЕРЛЕР» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА «R:ED FEST» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РОБОТОТЕХНИКА ОЛИМПИАДАСЫН ӨТКІЗУ



ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ,
ЭКИБАСТҰЗ ҚАЛАСЫ

Эрекеев Т.
№16 КММ орта мектебінің оқушысы

R:ED FEST мен үшін робототехникадан қатысқан алғаш фестиваль.
Мен «Сумо» категориясында өнер көрсетіп, Павлодардағы облыстық кезеңде үшінші орын алдым. Біз роботтарды жинап, оларға бағдарламалар жазып, кейін берген тапсырмаларды роботтардың орындағанын қызықтадық.
Ең қатты ұнағаны — командада жұмыс істеу болды, біз бір-бірімізге көмектесіп, идеялармен бөлісіп, бірлесе шешім іздедік. Бұл керемет тәжірибе болды. Бұл олимпиада маған тек жаңа білімді үйретіп қана қоймай, жағымды эмоциялар сыйлады.
R:ED FEST ұйымдастырушыларына осындай қызықты әрі пайдалы іс-шараға қатысуыма мүмкіндік бергендері үшін зор алғысымды білдіремін. Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында құнды білім алуға керемет мүмкіндік алдым, жаңа достар таптым. Бұл олимпиада мені робототехника саласында әрі қарай дамуыма ынталандырған жоба болды.
Енді мен робототехникамен айналысуды жалғастыра бермекпін, алда жаңа жарыстарға қатысқым келеді!



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ,
КЕНТАУ ҚАЛАСЫ

Жолдас Б. С.,
Төрткүл-Төбе жалпы орта білім беретін
№15 мектебінің оқушысы

Робототехникамен ұзақ уақыттан бері айналысып келемін, және де R:ED FEST фестивалі маған өте ұнады.
Республикалық кезеңде мен «Эстафета» категориясында өз рекордымды орнатып, бірінші орынды иелендім. Әсіресе әр өңірден келген қатысушылармен танысудың реті түскені ерекше есте қаларлық сәт болды. Біз тәжірибе алмасып, идеяларымызды ортаға салып, бір-бірімізге қолдау көрсеттік. Бұл тек жарыс қана емес, жаңа дағды, жаңаша білім алуға, достар табуға және командалық рухты сезінуге тамаша мүмкіндік болды.

R:ED FEST ұйымдастырушыларына іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырып, қызықты тапсырмалар және өз мүмкіндігімізді көрсетуге септігін тигізгендері үшін зор алғысымды айтамын.
Фестивальден құнды тәжірибе мен жаңа білім алдым, робототехникаға деген сүйіспеншілігім одан сайын артты. Мұндай шаралар әрқарай өзіңді дамытуға шабыт беріп, өз күшіңе деген сенімділікті нығайта түсуге көмектеседі.

Фестиваль ұйымдастырушыларына рахмет!

ҚН «ЖАЗДЫҚ ЖОЛДАМА - 2024»

Жобаның мақсаты: Балалардың интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыдан дамуын, олардың жазғы демалысының қауіпсіз әрі жайлы өтуін қамтамасыз ету

17 облыс

28 балалар лагері

Қайырымдылық көмек алушылар:

19 898 ауыл мектебінің 10-14 жас аралығындағы оқушылары

2 241 941 762 *теңге* балалардың демалысын қаржыландыруға бағытталды

Qazaqstan halqyna

ЖАЗДЫҚ ЖОЛДАМА-2024


Ауылдық жерлердегі 10-14 жас аралығындағы 20 000 оқушының шығармашылық дамуына, олардың бойында патриоттық сезімдерді қалыптастыруға, мәдениет пен дәстүр жайлы ақпаратпен сусындауына, сондай-ақ келешекте білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін бағдарламаны қолдана отырып, оқушылардың қауіпсіз әрі жайлы жазғы демалысын ұйымдастыру.
Жоба аясында су тасқынынан зардап шеккен 6 өңірде (БҚО, СҚО, Ақмола, Қостанай, Атырау, Ақтөбе облыстары) төтенше жағдайдың салдарынан қиындыққа тап болған отбасылардың балаларына басымдық беріледі.

СЕРІКТЕСТЕР



17 Білім басқармасы
28 Балалар лагері









Қайырымдылық көмек алушылардың пікірі:

ҚН «ЖАЗДЫҚ ЖОЛДАМА - 2024»



СКАЧИНСКАЯ КСЕНИЯ ВИКТОРОВНА

«Большая малышка орта мектебі» КММ оқушылары Скачинская Арина мен Давидтің анасы
Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Большая Малышка ауылы

«Зеренді» (Щучинск қаласы) Республикалық оқу-сауықтыру орталығына балаларымыздың демалысқа баруына мүмкіндік жасаған демеушілерге, лагерь жетекшілеріне, басшыларға және барлық қызметкерге ағысымызды айтамыз!

Бұл лагерьге балаларды алғаш рет жібердік, оған еш өкінген жоқпыз. Балалар әлі күнге дейін лагерьде ұйымдастырылған іс-шаралар мен үйірмелер жайлы қуана еске алады. Олар күн сайын лагерьдегі қызықты әрі көңілді сәттерін айтып отырады!

Лагерь ең жоғары деңгейде ұйымдастырылды:
- әртүрлі әрі мазмұнды бағдарлама;
- үш мезгіл тамақтану мен таза ауадағы серуен;
- балалардың уақытты қалай өткізіп жатқанын фототүсірілімдер арқылы ата-аналар хабардар болып отырдық;
- баларадың орналасқан орындарда жайлылық пен қауіпсіздікке аса мән берілді. Балаларға ұдайы қамқорлық танытып, ата-аналармен де жылдам байланыс орнатып отырғандары үшін лагерь жетекшілеріне шексіз алғысымызды білдіреміз. Барлық өтініш пен сауалға жылдам жауап алып отырдық. Бұл ата-ананың баласы үшін сенімді болуына, алаңдамауына өз септігін тигізді.



ҚАЙРАТ ЕРНҰР

«Күреңбел қазақ орта мектебінің» 7-сынып оқушысы
Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы

Бұл жазда мен Түргендегі «Достар Кэмп» лагерінде демалдым. Мен үшін бұл ұмытылмас әрі керемет уақыт болды!
Кэмпинг таулар мен ормандармен қоршалған әсем табиғат аясында орналасқан. Таза ауа мен таңғажайып көріністер жүрегімде мәңгілік із қалдырды.
Әр таңымыз таза ауада көңілді жаттығулармен басталып, кейін әртүрлі спорттық ойындар ойнайтынбыз. Одан бөлек, түрлі қызықты үйірмелер болды, онда жаңа дағдыларды меңгеріп, бойымыздағы бар талантымызды көрсетуге тырыстық.
Жаңа достарды кезіктіруім - Лагерьден алған ең құнды сый! Біз тез арада достасып, барынша уақытты бірге өткіздік, бір-бірімізге қолдау көрсеттік. Лагерьдегі атмосфера шынайы достық пен жылы сәттерге толы болды.
Тәрбиешілер мен жетекшілер өте мейірімді және қамқор жандар. Олар әрдайым қасымызда болып, кез келген жағдайда көмектесіп, қолдау көрсетуге әзір болды. Кешкі уақытта бізге түрлі көңілді бағдарламалар — жарыстар, квесттер, дискотека ұйымдастырылып, от жағылып, әңгіме айтатын кештер ерекше есте қалды.
Бұл уақыт маған жарқын эмоциялар, жаңа әсерлер және ғажайып естеліктер сыйлады.
Мен келесі жазды асыға күтемін, осы ұмытылмас жазғы демалысты тағы да қайталағым келеді!

ҚН «ЖАЗДЫҚ ЖОЛДАМА - 2024»



ОРДАБАЕВА РАНЭ РУСТАМОВНА

Ордабаева Гүлжанаттың анасы
Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы

2024 жылғы жаз қызым үшін ерекше сәтке толы болды. Қызым ата-анасының қасынан, үйден алысқа алғаш рет шықты. Әрине, оның жағдайына алаңдадым, десе де қызым «Дарын» жазғы лагеріндегі демалыстан керемет әсер алып келді.
Лагерьде жаңа достар тауып, әлі күнге дейін сол достарымен хабарласып тұрады.
Қазірге дейін лагерьде уақытын көңілді өткізгені, ойнағаны, шомылғаны, би билеп, спектакльдер ұйымдастырғаны, өз бойындағы талантын барынша ашқаны жайлы, достары бір-бірінің жетістігіне қуанғаны туралы әңгімелерді қуана-қуана айтады.
Қызым лагерден өте риза болып келді. Балаларға қамқорлық танытқан, балаларға барынша жайлы ортаны қалыптастырған «Дарын» лагерінің тәрбиешілеріне шын жүректен алғысымды айтамын. Осындай қамқорлықтың арқасында қызыма бұл жазғы демалыс өміріндегі ұмытылмас оқиғаға айналды!



САБЫРБАЙ АЙША БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

Қызылорда облысы, Қазалы ауданының білім бөліміне қарасты
Жанкожа батыр атындағы №70 орта мектебінің 8-сынып оқушысы

«Қуаныш» лагері –жазғы демалысты көңілді өткізуге таптырмас керемет орын.
Мен бұл жерде өткізген жазғы демалысымды ерекше жылулықпен, ризашылықпен еске аламын. Лагерьдегі әр күн түрлі іс-шараларға толы болды, мұның барлығы жазғы демалысты ұмытылмастай сәттерге толтырды. Таңымыз бойды сергітетін жаттығу жасаудан басталып, кейін дәмді әрі сіңімді таңғы ас ішетінбіз. Асхананың тамағы қашанда дәмді, ал бізге ұсынған тағамдар түрі де көп болды.
Лагерьдің басшылары мен тәлімгерлерге ерекше алғысымды білдіргім келеді. Олар достық пен өзара түсіністікке толы орта қалыптастырып, әр балаға ерекше назар аударып, жазғы демалысымыздың қызықты әрі жайлы өтуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасады.
Күн сайын спорттық жарыстар, сурет салу, ән айту, өлең оқу сынды шығармашылық байқаулар, түрлі викториналар ұйымдастырылды. Әркім өзіне ұнайтын іспен айналысып, бойындағы талантын көрсетуге мүмкіндік алды.
«Қуаныш» лагерінен тек оң әсер алдым, жаңа достар таптым. Біз бірге сайыстарға қатысып, бір-бірімізді қолдап, уақытты көңілді өткіздік. Бұл менің өмірімдегі ұмытылмас жазғы демалыс болды.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚҚ БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫ 2023-2024 ЖЖ.

93 жоғары оқу орындары

3 колледж

93 екіжақты шарт Қор -ЖЖОКБҰ

2656 үшжақты шарт Қор -ЖЖОКБҰ-студент


2 717 569 526 теңге 2023-2024 жылдары грантқа бөлінген жалпы сома

2600 01.07.2024 жылғы көрсеткіш бойынша грант иегерлерінің саны

384 2024ж. оқуды аяқтайды

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚҚ БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫ 2023-2024 ЖЖ.

Бағдарлама «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттарын тағайындау арқылы жоғары білімнің барынша қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Грант беру – «бакалавр» академиялық дәрежесін алу мақсатында жоғары оқу орнының оқу ақысына өтеусіз төлем жасау, ал шәкіртақы тағайындау – бұл студентке тамақтану, тұру және оқу әдебиеттерін сатып алу шығындарын ішінара жабуға ай сайын төленетін ақшалай қаражат. Шәкіртақы студентке жыл сайын 10 ай бойы төленеді (жазғы демалыс кезеңінен басқа айларда).





Төменде көрсетілген санатқа жататын Қазақстан Республикасының азаматтары грант алуға үміткер бола алады, олар:

1. Ауылдық жерлерден, шағын қалалар мен моноқалалардағы аз қамтылған отбасылардың балалары;

2. Жетім балалар немесе кәмелет жасына дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

3. Мүгедектігі бар адамдар;

4. Мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар;


5. 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиға кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары;

6. 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиға кезінде жарақат алған балалар;

7. Төтенше жағдайлар кезінде қаза тапқан немесе зардап шеккен Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары (Қордың Қамқоршылық кеңесінің шешімі негізінде).

Бағдарламаға қатысатын үміткер 29 жастан аспауы керек (қоса алғанда).

МӘДЕНИЕТ



«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ КІТАПХАНАЛАР БАЗАСЫНДА «ЖАҢА КЛУБ /JANA KLUB» КОМЬЮНИТИ-ОРТАЛЫҚТАРЫН (ҚОҒАМДЫҚ ОРТАЛЫҚТАР) ҚҰРУ»

Жобаның мақсаты: Ауылдық кітапханаларды негізгі қызметін сақтай отырып, комьюнити-орталықтарға жаңғырту, мәдени және танымдық бағдарламаларды жандандыру әрі байыта түсу, комьюнити-орталықтардың қоғам алдында тартымдылығын арттыру, бұл орталықтарды мәдениетті қалыптастырушы орталық ретінде дамыту.

25
кітапхана
(24 ауыл және Ақсай қаласы)

130000
(халық саны)



796 965 018,79 теңге кітапханада жаңа клубты құруға жұмсалды

СЕРІКТЕС

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі (ұйымдастырушылық-әкімшілік қолдау, ғимараттарды жөндеу, штат бірліктерін бөлу)

ОПЕРАТОР ҚОР:

«Тана» ҚҚ (идея авторы, үйлестіруші)



«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ КІТАПХАНАЛАР БАЗАСЫНДА «ЖАҢА КЛУБ /JANA KLUB» КОМЬЮНИТИ-ОРТАЛЫҚТАРЫН (ҚОҒАМДЫҚ ОРТАЛЫҚТАР) ҚҰРУ»

ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ СЕРІКТЕСТЕР

- «TANA» қоғамдық қоры
- Батыс Қазақстан облысының әкімдігі
- «Жас Көшбасшылар Қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі
- «Jaiq Non-Profit Organisation» коммерциялық емес ұйымы
- Batyr Foundation қоғамдық қоры (Б.Шукенов атындағы қор)
- «Тайный Советник» коммуникациялық агенттігі









«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ КІТАПХАНАЛАР БАЗАСЫНДА «ЖАҢА КЛУБ /JANA KLUB» КОМЬЮНИТИ-ОРТАЛЫҚТАРЫН (ҚОҒАМДЫҚ ОРТАЛЫҚТАР) ҚҰРУ»



ГҮЛБАҚЫТ ҚАЙРАТ

Жаңақала ауылындағы жаңартылған кітапхана оқырманы

Маған кітапхана қатты ұнайды, өте заманауи безендірілген. Мұнда пуфтар, дивандар бар, тіпті үстелдердің биіктігі балаларға ыңғайын ескеріп жасалған. Кітапханада керемет жайлы бола түсті.

Бұрын бұл жер кітап оқуға аса ыңғайлы бола қоймайтын. Қазір мен де, сыныптастарым мен достарым да кітапханаға жиі келеміз.

Жақында кітапхананың қалайша осылай өзгергені, оны әдемі әрі қызықты етіп жасағандар кім деп кітапханашылардан сұрадым. Мұндай керемет өзгеріске қолдау білдірген – «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры мен «Тана» қоғамдық қоры екенін айтты. Олар кітапханаға жайлы, жұмсақ жиһаздарды, әдемі кітап сөрелерін, компьютерлер мен көшірме жасау техникасын сыйға тартқан. Ал бәрінен де маңыздысы – кітапхана қызықты кітаптар мен танымдық үстел ойындарымен толыққан.



АЗАМАТОВА ДИАНА

Дарьинск ауылындағы балалар кітапханасының оқырманы

Менің барлық достарым мен құрдастарымның атынан сіздерге – аға-апаларымызға үлкен алғысымды айтқым келеді. Біздің ауылда балаларға арналған танымдық әрі көңіл көтеретін орталық пайда болғанына өте қуаныштымыз.

Біз мұнда тек кітап оқумен ғана шектелмейміз, шығармашылықпен де айналысамыз. Мен «Өз қолыңмен жасалған ғажайыптар» үйірмесіне жазылып, сонда барамын. Үйірмеде әртүрлі бұйымдар, аппликациялар, кәдесыйлар жасаймыз. Достарыммен осында кездесіп, әңгімелесіп, демаламыз — біздің ертегідей кітапханамыздың бар болғаны қандай керемет!

Бос уақытымды осында қызықты өткізуге болатынына өте қуаныштымын! Мұндағы заттың барлығы маған өте ұнайды!

«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ КІТАПХАНАЛАР БАЗАСЫНДА «ЖАҢА КЛУБ /JANA KLUB» КОМЬЮНИТИ-ОРТАЛЫҚТАРЫН (ҚОҒАМДЫҚ ОРТАЛЫҚТАР) ҚҰРУ»



ҚАРАТАЕВА АҚНҰР МАРАТҚЫЗЫ

БҚО, Бәйтерек ауданы, аудандық орталық кітапханасының кітапханашысы

Кітапхана – ұлттық рухани мұраны сақтап, халыққа насихаттайтын маңызды мәдени орталық. Бүгінде кітапханамыз тек кітап қоры ғана емес, білім, шығармашылық және қарым-қатынас орталығы ретінде де қызмет атқаруда. Ауыл тұрғындарына, әртүрлі жастағы оқырмандарға сапалы қызмет көрсетіліп, уақыттарын тиімді өткізу үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда.
Модернизация аясында ашылған сурет, тігін, үстел ойындары, фортепиано, домбыра үйірмелері де белсенді түрде жұмыс істеуде. Кітапхана жаңаша кейіпке еніп, оқырмандар қатары да бұрынғыға қарағанда арта түсті.




ТІНӘЛИЕВА ИЛАН ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ

Долин ауылдық кітапханасының меңгерушісі

Подстепное ауылындағы балалар кітапханасы – заманауи үлгідегі оқырман сұранысына толық жауап беретін кітапхана. Кітапхана жаңғырту жұмыстарынан кейін оқырмандардың асыға келетін ерекше орынға айналды. Мұнда талғамы биік оқырман үшін қажеттінің бәрі бар: кітап оқу аймағы, фильм көру аймағы, қолданбалы шығармашылық бұрышы және жаңа білім алуға қолайлы жайлы атмосфера орнаған.

Әр оқырман өзіне жайлы орынды осы кітапханадан табатынына, мұнда өткізген уақыты әрі қызықты, әрі пайдалы болатынына сенімдімін.



МҰХТАР НАРГИЗА

Бәйтерек ауданы, аудандық кітапхананың оқырманы

Жаңа кітапхана – заман талабына сай жасақталған, барлық жастағы оқырманға қолайлы. Кірген бетте-ақ кең де жарық көз тартады. Әр түрлі бағыттағы жаңадан ашылған үйірмелер – осы кітапхананың басты ерекшелігі деуге болады. Кітапхана заманауи технологиялармен жабдықталған. Кітапхана қорына жаңадан қосылған кітаптар да оқырмандар үшін үлкен олжа. Заманауи қазақстандық және шетелдік авторлардың шығармалары, ғылым мен технология саласындағы соңғы еңбектер, танымдық және деректі әдебиеттердің алуан түрі мол. Жалпы алғанда, бұл кітапхана – білім мен мәдениет ордасы ғана емес, шығармашылық орта, өзара тәжірибе алмасу алаңы. Кітапханада өткен түрлі іс-шараларға қатысып білім көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, жаңа достар тауып жатырмын.




САМАНЮК ЛИЛИЯ АВДЕЕВНА

Дарьинск ауылындағы модельді балалар кітапханасының меңгерушісі

Мен балалар кітапханасында 35 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келемін. Балалармен қашанда қуана жұмыс істеуге әзірмін, балалар – бұл ерекше бір әлем ғой. Қазір кітапханамыз – білім беретін де, танымдық және ойын-сауық орталығы да. Мұнда ауылдың баласына да, оқырманға да білім алуы мен қарым-қатынас жасауына қажетті жеке кеңістік табылады.

Біздің кітапхананы заманауи комьюнити-орталыққа айналдыру жобасына қатысқан барлық адамдарға алғысымды білдіргім келеді. Кітапханамызды заманауи жаңа жиһаз, компьютерлер, көшірме жасау техникасы, музыкалық аспаптар, үстел ойындары сынды қажетті техника мен құрал-жабдықтармен жарақтандырып берген «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры мен «Тана» қоғамдық қорына айтар алғыс шексіз! Ал Батыс Қазақстан облысы әкімдігіне – кітапхана ғимаратына керемет жөндеу жұмыстарын жасап бергені үшін көп рақмет.

Менің ойымша, «Jaña Klub» жобасын – кітапхана әлемінің келешегіне жасалған бір маңызды қадам деп санаймын


СПОРТ

СПОРТ САЛАСЫНДА ҚОРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАН БАҒДАРЛАМАЛАРЫ/ЖОБАЛАРЫ

№	Қайырымдылық бағдарламаның/жобаның атауы	Бекітілген және өзгертулер енгізген күні	Бағдарламаның/ жобаның құны (мың теңге)	Аяқталған күні
1	«100 балалар спорт залы» бағдарламасы аясындағы «24 балалар спорт залы» жобасы	20.05.2022	234 687	мұрағатқа тапсыру сатысында
2	Қазақстан Республикасының спортшыларын пара-атлетикаға дайындау және оған қатысу үшін спорттық-жүгіру протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету	26.09.2022	113 475	ҚК 29.04.2024 ж. шешімі
3	Спортшылардың халықаралық пара-хоккей жарыстарына дайындалуы және қатысуы үшін спорттық құрал-жабдықтарды қамтамасыз ету	07.11.2022	12 628,7	ҚК 29.04.2024 ж. шешімі
4	«ҚН Ақмола облысының аудандарында шаңғы спортын дамытуға арналған «Ауылға шаңғы жолы»	05.07.2023	20 060,0	мұрағатқа тапсыру сатысында
5	ҚН-табалдырықтан табалдырыққа дейінгі қолжетімді орта	20.12.2023	75 650,9	мұрағатқа тапсыру сатысында
Жалпы:			**456 501,7**	

СПОРТ САЛАСЫНДА ҚОРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАН БАҒДАРЛАМАЛАРЫ/ЖОБАЛАРЫ

№	Қайырымдылық бағдарламаның/жобаның атауы	Бекітілген және өзгертулер енгізген күні	Бағдарламаның/ жобаның құны (мың теңге)
1	«ҚН 76 балалар спорт залы»	14.08.2023	706 208,6
2	Жылдам салынатын модульдік спорт залдарын орнату арқылы ауылдық жерлерде, моно - және шағын қалаларда спорттық инфрақұрылымды дамыту тәсілдері (ҚР 7 облысында 12 пункт)	29.05.2023	7 000 000
3	Қарағанды және Ұлытау облыстарының арнайы мектеп-интернаттары мен балаларды қолдау орталықтарындағы тәрбиеленушілердің физикалық тұрғыдан дамуы	22.07.2024	599 685.9
4	«ҚН Ақмола облысының аудандарында шаңғы спортын дамытуға арналған «Ауылға шаңғы жолы» 2 кезең	04.11.2024	84 206.0
5	«ҚН «Пара пауэрлифтинг» қол жетімді спорт	16.10.2024	16 460.0
Жалпы:			**7 706 208,6**

100 БАЛАЛАР СПОРТ ЗАЛЫ

2022 ж.

24

спорт залы ауылдық елдімекендерде салынды

2024 ж.

76

спорт залы ауылдық елдімекендерде салынды

100
БАЛАЛАР СПОРТ ЗАЛЫ

231 910 622 теңге

«24 Балалар спорт залы» жобасын Қамқоршылық кеңес 2022 жылғы 20 мамырда бекітті

677 503 100 теңге


«ҚН 76 балалар спорт залы» жобасын Қамқоршылық кеңес 2024 жылғы 14 тамызда бекітті

ҚН 76 БАЛАЛАР СПОРТ ЗАЛЫ (100 СПОРТ ЗАЛЫ АЯСЫНДА)

76 спорт залы ауылдық елдімекендерде салынды

76 спорт залы республика бойынша ашылды





76 БАЛАЛАР СПОРТ ЗАЛЫ

Ауылдық жерлерде қайырымдылық негізде балаларға арналған спорт залдарының ашылуы еліміздің шалғайдағы елдімекендерде балалар спортына қолжетімділік деңгейін арттыра түсті.
Жоба балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасаумен қатар, спорт секцияларына қатысатын болашақ спортшылардың бойында патриоттық және адамгершілік тұрғыда тәрбиеленуіне әрі салауатты өмір салтын ұстануына, достық құндылықтарын дәріптеуге, өзара көмек пен қолдау қасиеттерін кеңінен насихаттауға ықпал етеді.

СЕРІКТЕС

BATYR BOLAMYN
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ

ЖЕТКІЗУШІ

ROUND.KZ
SPORT EQUIPMENT

SPORT TIME

БОЛЬШАЯ ИГРА

76 БАЛАЛАР СПОРТ ЗАЛЫ



76 БАЛАЛАР СПОРТ ЗАЛЫ



ДИЯР ЕРНАРҰЛЫ

Жарлы ауылы, Ақтөбе облысы

Менің есімім Дияр, 2011 жылы дүниеге келгенмін. Қазақ еркін күресі спорт түрімен айналысамын.
2025 жылғы 6 ақпанда республикалық «Бала Мұқан» жарысына қатысып, спорт шеберінің кандидаты атандым. Бұл мен үшін өте маңызды жетістік болды. Осы жетістікке жету жолында маған сенім артып, қолдау көрсеткен бапкеріме шексіз алғысымды білдіргім келеді.
Сондай-ақ, ауылымызда осындай тамаша спорт залын ашқан «Қазақстан халқына» қоры мен «Батыр боламын» жобасына айтар алғысым зор. Ауыл жастары үшін бұл спорт залы – спортпен айналысуымызға, өз-өзімізді дамытуға және жаңа белестерге ұмтылуымызға жасалған үлкен мүмкіндік болып отыр.
Біздің залда жаттығуға қажеттінің барлығы бар, барлық қажетті жағдай жасалған, бізге спорт залы өте ұнайды!
Болашақта чемпион атанып, үлкен жарыстарда ауылымыздың атын көпке танытатынына сенімдімін!



ФЕДОРЧУК БОРИС ЮРЬЕВИЧ

Еркін күрестен жаттықтырушы,
Бұқар жырау ауданы,
Орталық ауылы

Мен еркін күрестен жаттықтырушымын. Шыны керек, Орталық ауылында спорт залы ашылады дегенді алғаш естіген кезде, күмән басым болды. Себебі, бұл спорт залын салуға таңдалған ғимарат бұрыннан бос тұрған, ешкім бұл жобаның іске асатынына аса сене қойған жоқ.
Десе де, күн сайын ақпарат сұрастыру көбейе бастағанда, Қор өкілдері жаттықтырушылармен, балалармен жиі байланыс орната түскенде, спорт залы салынатынына сенім күшейе түсті. Бәрі біртіндеп айқындала бастады, біртіндеп оның іске асатына сенім артты. Біз ауыл тұрғындарын, белсенділерді жинадық, әкімдік те қолдау танытты, қала жақтан да көмек келді. Барлығымыз бірігіп, жөндеу жұмыстарын бастап, қысқа мерзімде қажетті істердің барлығын атқардық.
«Батыр боламын» қорының жігіттерімен тығыз жұмыс істеп, залдың жоспарын, құрал-жабдық орнатуды бірге талқыладық. Қазір ауылымызда кең, жарық әрі заманауи спорт залы бар. «Қазақстан халқына» және «Батыр боламын» қорларына зор алғысымызды білдіреміз. Сіздер көрсеткен қолдаудың нәтижесінде спорт залында жаңа жұмыс орындары ашылып, жаттығуға тамаша жағдай жасалды.
Енді біз болашақ чемпиондарды тәрбиелеуге күш саламыз! Осы жобаға атсалысқан баршаңызға алғысымды айтамын!
!

76 БАЛАЛАР СПОРТ ЗАЛЫ



БЕКТІЛЕУОВ ЖАНДОС

Ата-ана
Маңғыстау облысы,
Жаңаөзен қаласы

««Қазақстан халқына» қоры мен «Батыр боламын» қорының қаржылық қолдауының арқасында екі ұлым Бейнеу ауылындағы спорт залында грэпплинг үйірмесіне тегін қатысып жүр. Бұл спорт залы – Қазақстан, Азия және Әлем чемпиондарын тәрбиелеп жатқан орынға айналды. Құдайға шүкір, ұлдарым да жақсы нәтижелерге қол жеткізе бастады!
Спорт залы өте жақсы жағдайда, қажетті спорттық жабдықтардың барлығымен жарақтандырылған. Осындай мүмкіндік жасағандарыңыз үшін шексіз алғысымды білдіремін.
Мұндай спорт залдарының ашылуы ауыл балаларына өз әлеуетін жүзеге асыруға, әлемдік ареналарда Қазақстанның туын мақтанышпен көтеруге мүмкіндік беретіні және оларды жаңа жетістіктерге ынталандырары сөзсіз.
Әр ауылда осындай спорт залдары ашылады деген сенімдемін. Мұндай спорт залдары жастардың шымыр әрі рухы мықты болып қалыптасуы үшін аса маңызды.

Сіздер жасап отырған еңбек пен қолдауға айтар алғысым шексіз! Алдағы жобаларыңызға сәттілік тілеймін!



ҚЫЗЫЛБАЙ ӘДІЛБЕКОВ

Спорт мектебінің директоры
Торғай ауылы, Қостанай облысы

Бүгінде ауданымыздағы спорт саласына көрсетіліп жатқан қолдау – болашақ чемпиондарды тәрбиелеуге қосқан елеулі үлес. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының демеушілік танытып, көрсеткен қолдауының арқасында біздің спорт мектебімізге заманауи жабдықтар жеткізіліп, ауылдағы үйірмелердің материалдық базасы едәуір нығая түсті.
Әсіресе, жаттығуға қажетті барлық құралдармен толық жабдықталған жаңа, заманауи спорт залының ашылуын ерекше атап өткім келеді. Кең, жарық әрі қауіпсіз бұл зал балалар мен жасөспірімдер үшін таптырмас орталыққа айналды. Енді балалар жайлы ортада әртүрлі спорт түрлерімен айналысып, өз қабілеттерін дамытып, жарыстарға дайындала алады.
Бұл жасөспірімдер үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, олардың спортқа деген қызығушылығын арттырады әрі кәсіби, бәсекеге қабілетті спортшы ретінде қалыптасуына жол ашады.

Осы игі істі бастап, қолдаған барлық жанашыр азаматтарға шынайы алғысымды білдіремін!

ҚН «ҚОЛЖЕТІМДІ СПОРТ: ПАРА ПАУЭРЛИФТИНГ»

16 460 000 теңге
жобаның жалпы бюджеті

5
жеке өлшемдері мен сипаттамалары бойынша ультражеңіл Panthera арба



